

Кен орнының келешегі зор  
2-бет



Білте шамнан күннің жарығына дейін...  
6-бет



Арқа төріндегі күй дүбірі  
8-бет



ҚАЗДАУЫСТЫ ҚАЗЫБЕК БИ: СӨЗДІҢ АТАСЫ – БІРЛІК, АНАСЫ – ШЫНДЫҚ

# ORTALYQ QAZAQSTAN

ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ - САЯСИ ГАЗЕТИ

www.ortalyq.kz www.instagram.com/ortalyq.kz/

БЕЙСЕНБІ, 11 ШІЛДЕ, 2024 ЖЫЛ №76 (23 398)

www.facebook.com/ortalyq.kz/ info@ortalyq.kz

## ЖАСТАР КӘСІПКЕРЛІГІ

# Бүгінгі грант – ертеңге инвестиция

Астана күні қарсаңында Қарағанды қаласы әкімінің жастар кәсіпкерлігін қолдауға және дамытуға арналған гранттары салтанатты түрде табысталды. Жастар кәсіпкерлігі Қазақстанда шағын бизнесті дамытудың басым бағыттарының біріне айналғанын көріп жүрміз. Жастарды кәсіпкерлікпен айналысуға ынталандыратын республикалық және өңір деңгейінде түрлі бағдарламалар жетерлік.



Жансая ОМАРБЕК,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Соның бірі – Қарағанды қаласы әкімінің гранты осымен үшінші рет біріліп отыр. Осы жылдар ішінде 100-ден астам жас мүмкіндікті мұлт жібермей, кәсібін бастады немесе ісін кеңейтуге қол жеткізді. Биылғы жылы мұндай қолдауға он адам ие болды. Барлығына 1,5 млн. теңге сертификаты ұсынылды.

Орталық саябақта өткен марапаттау салтанатына қатысқан Қарағанды қалалық мәслихатының төрағасы Алтынтөре Бекенов жиналғандарға жылы лебізін жеткізді.

– Жас кәсіпкерлерді қолдау, оларға жол ашу – жыл сайын ұйымдастырылып келе жатқан жақсы дәстүр. Бүгінгі жоба – ертеңгі бір-бір бизнес. Бұл гранттар арқылы олар бизнестегі алғашқы қадамдарын жасайды. Олар өз істерін жүзеге асыру арқылы ел экономикасын дамытады. Олай болса, грант жеңімпаздарына сәттілік тілей отырып, кәсіптері-

не кең өріс тілеймін, – деді Алтынтөре Жангелдіұлы.

Алтынтөре Жангелдіұлы жеңімпаз атанған жастарға марапаттарын табыс етті. Олардың қатарында Александр Ермоленко да бар. Ол 3D баспа арқылы ерекше қажеттілігі бар адамдарға протез жасау жобасын жүзеге асыру ниетінде. Ал, Диана Арыстанова болса, қазақи нақыштағы заманауи киім өндірісі жобасын қолға алған.

– Өз жобам арқылы күнделікті киімдерімізге ұлттық нақыш элементтерін енгізгім келеді. Бұл әсіресе, жастарға арналған киімдерге қолданылады. Себебі, жастардың қызығушылығын арттырғым келеді, – деді Диана.

Қарағанды қаласы әкімінің орынбасары, конкурстық комиссияның төрағасы Дастан Құдабаев, Қарағанды қаласы жастар ресурстық орталығының басшысы Якуб Джамалов та жеңімпаздарды құттықтады.

– Жалпы, грант өз ісін жаңа бастаған кәсіпкерлер үшін елеулі қолдау деп білеміз. Сіздер кәсіпкерлік жолды таңдадыңыздар.

Бұл – біздің қаламыздың әлеуметтік-экономикалық дамуындағы өте маңызды бағыт. Жастардың өз ісін құруға және дамытуға деген ұмтылысы жоғары. Әсіресе, биылғы түскен өнімдер бірінен-бірі өтеді. Соның ішінен сіздерді үздік деп таңдадық. Сіздерге енді үлкен үміт артылды. Енді елге пайдаларыңыз тиіп, кәсіптеріңіз өркен жайсын, – деді қала әкімінің орынбасары Дастан Құдабаев.

Қала әкімінің кезекті гранты тауық өнімдерін өңдеу жобасын ұсынған Ғабылалы Балтабаевқа бұйырды. Жоба тиімді өндіріс әдістеріне, сапаны қатаң бақылауға және Қарағандыдағы фастфуд желілерімен берік серіктестік орнатуға бағытталған. Сонымен қатар, Мөлдір Нұрғазының көліктің ішкі бетін қайта қаптау цехы ерекше жобасын айтуға болады. Ұйымдастырушылардың айтуынша, тағы бір жанаңшыл жоба – подкаст орталығын ашу жобасы. Оны ұсынатын отырған Сүйіндік Қакабаев.

– Бейнетүсірілім мен монтаждауға тәжірибем бар, онымен бұрыннан айналысамын, – дейді

ол. – Подкаст жазу – бүгінгі таңда қарқынды дамып келе жатқан, заманауи медиа сала. Жоғары сапалы жабдықтарды алсам, жобам нәтижелі болады деп ойлаймын.

Бұдан бөлек, «Black jump» фитнес студиясының екінші филиалын ашу, ұлттық тағам өнімдерін өндіру, гипс бұйымдарын өндіру, шұжық және ет деликатестері мен жартылай фабрикаттар және ұлттық тағамдар өндіретін цех ашу, заманауи және инновациялық STEAM әдістемесі бар жаңа IT-мектеп сынды жобалар жеңімпаз деп танылды.

Жалпы, бүгінгі жастар кәсіпкерлік салада белсенді екенін айту керек. Енді 10-20 жылдан кейін осы жастар еліміздің бизнес құрылымын дамытып, оның көшбасшысына айналады. Жастар кәсіпкерлігінің бүгінгі даму қарқыны еліміздің болашақтағы экономикалық өрлеуіне айтарлықтай ықпал ететінін түсінгендіктен, оларды қолдау мүмкіндіктерін молайту заңды.

Сурет ұйымдастырушылардан

## БӘРЕКЕЛДІ!

# Алаштанушы ардақталды

Саналы ғұмырын Алаш мұрасын насихаттауға арнап, ұлт мүддесі жолында талмай еңбек етіп, жас ұрпақтың бойына Алаш идеясын сіңіруге сүбелі үлес қосып келе жатқан белгілі өлкетанушы, «Дала академигі» атанған Тұңғышбай Мұқан «Алаш зиялысы» медалімен марапатталды.



ғылыми кеңесі жерлесімді марапатқа лайық деп танып, кеудесіне медаль тақты.

Сонымен қатар, Тұңғышбай Өміртайұлына Астана қаласынан Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кеңесшісі Ерлан Тынымбайұлының арнайы сыйға тартып, беріп жіберген жеке авторлық кітабы табысталды. Кітапты арнайылап алып келген талантты жас журналист, қоғам белсендісі Зарина Әшірбек екенін айта кеткен жөн.



Жылдар бойы төгілген тер мен ерен еңбек дер кезінде бағаланса, құба-құп. Алаштанушы ғалым Елдос Тоқтарбай Қарағандыға арнайы келіп, Достық үйінде өткен рухани іс-шарада Тұңғышбай Өміртайұлының осы күнге дейін Алаш тарихын қорғап, оны насихаттауда атқарған елеулі еңбегін атап өтіп, құрмет көрсетті.

«Qyr Balasy» қоғамдық қоры мен Ө.Бөкейхан атындағы Алаш ғылыми-зерттеу институтының

Ыңғайы келгенде көрініп келуді мақсат тұтпай, жеке бас пайдасынан ұлт мүддесін жоғары қойып, туған елі мен жерінің ертені үшін бар ғұмырын арнап, жас буынға үлгі болып, «Дала академигі» атанған ғалым қандай құрметке де лайық.

Тұңғышбай Өміртайұлын марапатымен құттықтап, шығармашылық табыс тілейміз!

Өз тілшімізден

## БӘРЕКЕЛДІ!

# Әлемдік фестивальден абыроймен оралды

Польша мемлекетінде 28 маусым мен 3 шілде аралығында өткен халықаралық фольклорлық фестивалге қатысып, бас жүлдені жеңіп алған Қарқаралы ауданының «Салтанат» халықтық эң-би ансамблі елге оралды.

Болатбек ӘШМУҰЛЫ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Ұлттық өнерімізді Еуропа төрінде дәріптеген ансамбль сапары туралы бұған дейін де хабарлаған едік. Бір емес, екі фестивальға қатысып, өнер додасының Гран-Приін олжалап қайтқан өнерпаздарымыз қазақ өнерінің мерейін өсіріп, мәртебесін асырды. Жерлестеріміз фестиваль барысында үлкен сахналарда өнер көрсетумен қатар, Польшаның бірнеше қаласындағы шерулерде, саябақтағы ойын-сауықтарда, елдер арасындағы колонер естеліктерін алмасу шараларына қатысты.

Өнер сапарынан оралған «Салтанатты» Қарқаралы ауданының әкімі Әділжан Аргынұлы бастаған өнерді қуана шашу шашып, сүйініштің әнін әуелетіп күтіп алды. Аудан басшысы Қарқаралы мәдениет бөлімінің басшысы Жазира Қапышқызы бастап

барып қайтқан өнер ұжымына алғыс айтып, игі лебізін білдіріп, ансамбльдің келешегіне толайым табыстар тіледі.

Биыл құрылғанына елу бес жыл толып отырған «Салтанат» халықтық ансамблінің осынау жеңісі қасиетті Қарқаралының биылғы екі жүз жылдық мерейтойына шынында да керемет тарту болды. Халықаралық сахна мерейі үстем болып, абыройымызды асырған өнер ұжымы ендігіде аудан мен облыс қана емес, республика көлеміндегі лайықты бағасын алуы тиіс. Жарты ғасырдан астам тарихында қай сахнаның да көркі болып келе жатқан ансамбльдің бүгінгі құрамына өнердің жаңа биіктерінен жоруді жазсын деп тілейміз.

Қарқаралы ауданы

Суретті түсірген  
Тішбек ХАМИТОВ



ВАЛЮТАЛАРДЫҢ РЕСМИ БАҒАМДАРЫ:

•EUR/KZT 520.19

•USD/KZT 480.77

•RUB/KZT 5.51

•CNY/KZT 66.12

Қазақстан Ұлттық Банкінің 10 шілде, 2024 жылғы дерегі бойынша



## Кен орнының келешегі зор

Қарағанды – елімізді қара алтынмен қамтамасыз етіп отырған көмір өндірісінің алып ошағы. Кеншілер шаһарындағы «Exim Artis» компаниялар тобына кіретін «Киров» шахтасы көмір өндірудің межесін жыл сайын ұлғайтып келеді. Нақты айтсақ, жарты жыл ішінде шахтада шамамен 220 мың тонна көмір өндірілген. Жыл соңына дейін мұны 383 мың тоннаға жеткізуді жоспарлап отыр. Аталған кәсіпорын қызметімен облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев арнайы танысты.



Сурет: аймақтық сайыптан



Қазір алдағы уақытта көмір өндірудегі жежені жарты миллионға дейінгі көлемге көтеру жоспарлануда. Ал, байыту процесінен толық өткеннен кейін көмір өнімдері Еуропа елдеріне жеткізіледі.

– Бүгінде «Киров» шахтасында 500-ден астам адам жұмыс істейді. Қазір жұмыста 119к12



ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

лава бар. Тағы бір лава дайындалу үстінде. 750-900 мың тонна көмір қоры бар жаңа лава әзірленіп жатыр. Кейін тағы бірнеше лаваны іске қосамыз. Осындай қарқынды жұмыс бізге он жыл ішінде дамуға, жаңа деңгейге көтерілуге мүмкіндік береді, – дейді «Exim Artis» ТҚК директорылар кеңесінің төрағасы Олег Булков.

Оның мәлімдеуінше, ұңғыма жұмыстары да белсенді жүріп жатқан көрінеді.

Өнеркәсіптік қауіпсіздік мақсатында былтыр шахтада позициялау жүйесі енгізілген. Бұл – диспетчерге жер астында болып жатқан бүкіл жағдайды көруге және апат немесе төтенше жағдай туындаған кезде жедел шаралар қабылдауға мүмкіндік береді.

Жалпы, компаниялар тобына 15-тен астам кәсіпорын кіреді. Оның ішінде, «Қарағанды» ОФБ бар. Мұнда өндірілген барлық көмір өңдеуге жіберіледі. Өңдеуден кейін кокс және энергетикалық концентрат Еуропа елдеріне экспортталады. Атап айтсақ, Германия, Италия, Румыния және басқа да елдерге.

«Exim Artis» ТҚК 2003 жылы құрылған. Бұл толық циклді тау-кен кәсіпорны екенін атап өткен жөн.

Өз тілшімізден

### • КЕҢЕС ОТЫРЫСЫ

## Жастар жұмыссыз қалмайды

Биыл облыста «Мүмкіндіктер марафоны» атты тың жоба іске қосылды. Бағдарлама еш жерде оқымайтын және жұмыс істемейтін жастарға бағытталған. Осы орайда облыстағы жастар мәселесі жөніндегі Кеңес қарағандылық жастардың жұмысқа орналасу мәселесін қозғайды. Жұмыссыз жастар санатына ерекше назар аударды.

### Аяулым СОВЕТ, «Ortalyq Qazaqstan»

– Жұмыссыздар санатындағы жастардың мәселесін шешу мақсатында оларға бос жұмыс орындарын ұсынамыз. Қолданыстағы мемлекеттік және аймақтық бағдарламалар, еңбек және салық заңнамасының нормалары төңірегінде ақпарат береміз. Сондай-ақ, заңгерлер және психологтар да бұл істе белсенділік танытуда, – деді облыстық жастар саясаты мәселелері басқармасының басшысы Нұржан Ілияш.

Қазіргі таңда елімізде «өз ісімді ашамын» деген жастарға грант беру жалғасуда. Оған қоса тегін кәсіптік бағдар беру курстары да бар. Жас мамандар үшін жеңілдікті ипотеканы пайдалануға мүмкіндік те қарастырылған. Кездесуде сондай-ақ, «жетім



балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар» және «бірінші және екінші топтағы мүгедектер» санаттарындағы жастарды әлеуметтендіру бағдарламасының жобасы таныстырылды. Оның негізгі бағыттары қатарында жұмысқа орналастыру, өз ісін ашу, бос уақытты тиімді ұйымдастыру, заңгерлік және психологиялық көмек көрсету қарастырылған.

Отырыста түлектер үшін өңірлік инфрақұрылымды дамыту қақжөгі баса айтылды. Сондай-ақ, жоғары оқу орындарының түлектерін жұмысқа орналастыру жайы сөз болды.

Бүгінде жергілікті оқу орындарында аталған міндет жүктелген арнайы орталықтар бар. Бос орындар жәрмеңкелері, мансап күндері өтіп, ірі және шағын кәсіпорындардың өкілдерімен кездесулер ұйымдастырылады.

Сурет ұйымдастырушылардан

### • БРИФИНГ

## «Jas Kenes Siylygu» талаптыны қолдайды

Еліміздегі маңызды салаларда жұмыс істейтін жастардың күнделікті жұмысы мен еңбегі бағалана бермейтіні рас. Құқық қорғау саласында қызмет ете жүріп, ерлікке пара-пар іс тындыратын жастардың үлгілі ісі үнемі назарға алынып, жиі ескеріледі. Осы олқылықтың орнын толтыру мақсатында Президент жанындағы Жастар саясаты кеңесі жас мамандарға арналған «Jas Kenes Siylygu» байқауын жариялады.

Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте конкурста қатысу шарттары белгілі болды.

### Аяулым СОВЕТ, «Ortalyq Qazaqstan»

Тәуелсіз жастар сыйлығы биыл алғаш рет беріледі. Марапаттауға 35 жасқа толмаған азаматтар өтініш бере алады. Өтінімдерді 21 шілдеге дейін <https://www.jaskenes.kz/application> сайты арқылы беруге мүмкіндік бар.

Биылғы премияның аталымдары ерекше. Атап айтсақ, құқық қорғау органдары, авариялық-құтқару қызметтерінің және қоғамдық қауіпсіздік жүйесінің өзге де ұйымдарының қызметкерлеріне «Janqiarluq» аталымы белгіленіпті. Ал, орта және кіші медициналық қызметкерлер «Altyн jutek» сыйлығымен марапатталмақ. Бұл аталымға сондай-ақ, жедел медициналық көмек мамандары, акушерлер, санитарлар да өзін ұсына алады.

Өңдеу өнеркәсібінің, тау-кен металлургия кешенінің, агроөнеркәсіптік сектор, тамақ өнеркәсібі ұйымдарының үздік қызметкерлерін «Өнеркәсір» аталымы анықтайды.

Ал, «Bolaşaq turaly qamqorluq» аталымы мектепке дейінгі, орта, орта-арнайы білім беру мекемелерінің педагогтері, сондай-ақ, мамандандырылған қызметтер көрсететін инклюзивті оқу орталықтары қызметкерлеріне беріледі.

Балалар үйлері, қарттар үйлері, хоспистер, жануарларға арналған баспаналардың және осындай әлеуметтік қызметтер көрсететін өзге де ұйымдардың қызметкерлері «Adamgerçilik» аталымында анықталады.

Зарпап шеккендерге және Қазақстанда және одан тыс жерлерде мұқтаж адамдарға ерікті көмек көрсетуді ұйымдастыруда өзін



Сурет ұйымдастырушылардан

көрсеткен еріктілер «Көтек qолу» аталымына өздерін ұсына алады.

Биыл сондай-ақ, коммуналдық және инфрақұрылымдық қызмет өкілдері – пәтер иелерінің кооперативі және мүлік иелерінің бірлестіктері назардан тыс қалмайды. Елдімекендердің өмірін қамтамасыз етуге жауапты болғандарды «Bizdñ üi» аталымында арнайы сыйлығы күтеді.

– Жастар саясаты жөніндегі кеңес – Президент жанындағы консультативтік-кеңесші орган. Кеңес жастарға қатысты кешенді мемлекеттік саясатты қалыптастыру және іске асыру бойынша ұсынымдар әзірлейді. Жастар саясаты саласында және басқа да бағыттар бойынша әлеуметтік маңызы бар бастамаларды ұйымдастырады.

Осы уақытта дейін Кеңес мемлекеттік жастар саясатының 2029 жылға дейінгі тұжырымдамасын, 2023-2025 жылдарға арналған нашакорлықпен күрестің кешенді жоспарын, заңсыз ойын бизнесімен және ойынқұмарлыққа қарсы күрестің кешенді жоспарын әзірлеуге белсенді қатысты. Шығармашылық салалар мен басқа да әлеуметтік маңызы бастамалар үшін салық жеңілдіктерін дамытуда, – деп атап өтті облыстың жастар саясаты мәселелері басқармасының басшысы Нұржан Ілияш.

Байқау 3 кезең бойынша өтеді. Іріктеу нәтижелерімен 14 жеңімпаз анықталады (әр номинацияда 2 жеңімпаздан). Байқаудың жүлде қоры – 14 миллион теңге.

### • БАСПАСӨЗ МӘСЛИХАТЫ

## Тараптар құқығы тапталмас үшін

Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте есеп айырысу кезінде бақылау-касса машинасын қолдау тәртібі туралы айтылды. Ел аумағында кез келген есеп айырысулар бақылау-касса машинасы арқылы жүзеге асырылуы тиіс. Сала мамандарының айтуынша, ол жай ғана касса аппараты емес, арнайы, яғни, модельдері мемлекеттік тізілімде тіркелген, деректерді тіркеу және беру функциясы бар бақылау-касса машиналары болуы міндетті.

### Жаная ОМАРБЕК, «Ortalyq Qazaqstan»

Жалпы, ақшалай есеп айырысулар дегеніміз – тауар сатып алу, жұмыс орындау, қызметтерді көрсету үшін қолма-қол ақша және (немесе) төлем картчаларын пайдалана отырып есеп айырысулар. Сатушылар үшін бұл ақшалай түсімді жүргізу үшін қажет болса, түбіртек тұтынушы үшін бірден-бір кепілдік құжаты болып саналады.

Спикер – Қарағанды облысы бойынша мемлекеттік

96 онлайн модель тіркелген. Оның оны мобильді қосымша ретінде ұялы телефонда жұмыс істеу мүмкіндігіне не.

Уәкілетті орган бақылау-касса машиналарының үлгілерін мемлекеттік тізілімге енгізу (алып тастау) жолымен мемлекеттік тізілімді жүргізеді. Оның тәртібін уәкілетті орган айқындайды.

Брифингте айтылғандай, онлайн бақылау-касса машинасын пайдаланатын салық төлеушілер үшін бірқатар жеңілдік бар.



кірістер департаменті басшысының міндетін атқарушы Алданыш Адамбековтің айтуынша, бақылау-касса машинасын қызмет көрсету немесе тауарларды қолма-қол ақшамен сатумен айналысатын кәсіпкерлердің барлығы қолдануы міндетті.

– Бақылау-касса машинасын жеке тұлғалар, жеке сот орындаушылары, адвокаттар мен медиаторлар, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі мен екінші деңгейлі банктерде, діни бірлестіктерде, сондай-ақ, қалалық қоғамдық көлікте тасымалдау бойынша халыққа қызмет көрсетуде қолданбауға рұқсат етілген, – деді спикер.

Оның айтуынша, сауда операциялары немесе қолма-қол ақша арқылы қызметтер көрсету кезінде сауда автоматтары мен ақы төлеу терминалдары деректерді тіркеу және (немесе) беру функциясы бар бақылау-касса машиналарымен жаратандыруға жатады. Сонымен қатар, шаруа қожалықтары және ашық базарлар аумағында қызметін Патент бойынша жүзеге асыратын жеке кәсіпкерлер алдында босатылғанымен, қазіргі уақытта бақылау-касса машинасын қолдануға міндеттелді.

– Бақылау-касса машиналарын қолданар алдында оны салық органында есепке қою керек. Тауар, жұмыс, көрсетілетін қызмет үшін төленген сомаға бақылау-касса машинасының түбіртегін немесе тауар түбіртегін беру талабы бар. 2021 жылдан бастап, Салық кодексінің 169-бабының 1 тармағының 2 тармақшасы алынып тасталды. Сол себептен, бақылау-касса машиналарын қолдану орнын өзгертуді оны есептен шығармай жүзеге асыруға болады. Сонымен қатар, енді Салық кодексінің 168-бабының 3 тармағына сәйкес, БКМ тіркеу деректеріне өзгерістер енгізуге өтініш электронды түрде емес, салық органына барып, жазбаша ұсыну қажет, – деп түсіндірді Алданыш Мейірханұлы.

Бақылау-касса машиналарының мемлекеттік тізілімінде 250 модель бар. Оның ішінде,

– Кассалық операциялар кітабын толтырудың, онлайн бақылау-касса машинасын бұзылған жағдайда пломбаны ашуға салық органынан рұқсат алу үшін салық органына жүгінудің қажеті жоқ. Фискалдық деректер операторының сайтындағы жеке кабинет арқылы бақылау-касса машиналарын қабылдау басқару мүмкіндігі бар. Сонымен бірге, «Бақылау-кассалық машиналарды тіркеу және есептен шығару» мемлекеттік қызметі автоматтандырылғаны да айтуға болады, – деді маман.

Бұл ретте, бақылау-касса машинасын қолданбайтын салық төлеушілер үшін жауапкершілік бар екенін де білген абзал.

Әкімшілік-құқық бұзушылық туралы кодексінің 284-бабына сәйкес, бақылау-касса машиналарды қолданбау, сондай-ақ ақаулы болып табылатын немесе пайдалану орны бойынша мемлекеттік кіріс органының есебінде тұрмаған бақылау-касса машиналарды қолдану ескерту жасауға әкеп соғады. Әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекеттер (әрекетсіздік) – жекеше нотариустарға, жеке сот орындаушыларына, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне – 15, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – 30, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне – 50 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға негіз. Бұдан басқа, бақылау-касса машинаның түбіртегін немесе тауар түбіртегін бермеу не түбіртегін көрсетілетін қызметке төленген сомадан артық немесе кем сомаға берген жағдайда ескерту жасалады. Бір жыл ішінде қайталанса, жекеше нотариустарға, жеке сот орындаушыларына, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне – 20, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – 30 және ірі кәсіпкерлік субъектілеріне 40 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Сурет ұйымдастырушылардан

Қарағанды облыстық мәслихаты  
төрағасының өкімі

Қарағанды қ. № 2-7/1-56 2024 жылғы 11 шілде

Облыстық мәслихаттың кезектен тыс  
XVI сессиясын шақыру туралы

Қарағанды облыстық мәслихатының кезектен тыс XVI сессиясы 2024 жылғы 16 шілде сағат 15.00-де (Әлиханов көшесі, 13, конференц-зал, 5 қабат) шақырылсын.

## ХАБАРЛАМА

Облыстық мәслихаттың 2024 жылғы 16 шілдедегі кезектен тыс XVI сессиясының қарауына мына мәселелер шығарылады:

1. Қарағанды облысының қалалары мен елді мекендерінің аумағын абаттандыру қағидаларын бекіту туралы.
2. Қарағанды облысы елді мекендерінің жасыл екпелерін жасау, күтіп-баптау және қорғау қағидаларын бекіту туралы.
3. Басқа да мәселелер.

Сессияны дайындауға жауапты: Әскербек Ибрагимұлы Халтонов, жұмыс тел. 8(712)506672 (6103), электрондық пошта мекенжайы: obl@karoblaslihat.gov.kz.

Н.КОБЖАНОВ,  
Қарағанды облыстық  
мәслихатының төрағасы

## • БӘРЕКЕЛДІ!

Ғалымға арналған  
монета шықты

Ұлттық банк «Есте қалатын оқиғалар мен біртуар адамдар» сериясы шеңберінде Қаныш Сәтбаевтың 125 жылдығына арналған ҚАНЫШ СӘТБАЕВ. 125 ЖҮЛ коллекциялық монеталарын айналысқа шығарады.

Жансая ОМАРБЕК,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Қаныш Сәтбаев – белгілі геолог-ғалым және қоғам қайраткері, профессор, Қазақ КСР Ғылым Академиясының тұңғыш президенті.

Номиналы 2 000 теңгелік монетада марганец рудасының, минералдың түсін білдіретін күрең қызыл түске ие тантал сақинасы бар. Бұл ірі кен орнын Қаныш Сәтбаев Жезді ауылының маңында тауып, игерген. Марганец Ұлы Отан соғысы кезінде броньды техникаға арналған болат қорытпалары өндірісінде кеңінен қолданылып, КСРО-ға марганец кенінің 70%-дан астамын беріп отырған.

Биколорлы монетаның массасы – 74 грамм, диаметрі – 50 мм, сапасы – proof. 2 мың теңгелік монетаның 300 данасы шығарыл-

ды. Мельхиор қоспасынан жасалған монетаның салмағы – 15 грамм, диаметрі – 33 мм, сапасы – brilliant uncirculated. Ол 200 теңгелік номиналымен 5 мың данамен таралады. Монеталардың барлық түрі Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында өзінің белгіленген құнымен төлемнің кез келген түрінде қабылдануға, елдің барлық банкінде банк шоттарына есепке алынуға, аударылуға, ұсқталуға және айыр-басталуға жатады.

Биколорлы монеталар мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдерінде ҚҰБ нөмірлі сапа сертификаттары бар кәдесый орамында шығарылады. Мельхиор қоспасынан дайындалған монеталар блистерлік орамда шығарылады. Коллекциялық монеталар Қазақстан теңге сарайында дайындалды.

## • ЖАЗ ЖАЙНАТЫП, КҮН КҮЛДІРІП...

## «Лагерьлерге ортақ стандарт керек»

Биыл Қарағандыдағы «Салют» мемлекеттік лагерінде төрт маусымда әлеуметтік осал отбасылардан шыққан 7 жасан 13 жасқа дейінгі 1440 баланы тегін демалыспен қамту жоспарланған. Балаларға арналған демалыс орнының материалдық-техникалық базасын, қауіпсіздігін жақсарту көзделген. Осы орайда Парламент Мәжілісінің депутаты, «Ауыл» партиясы фракциясының, ҚР Президенті жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссияның мүшесі Қаракат Абден сауықтыру орталығын аралады.

Аяулым СОВЕТ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

– «Салют» балалар сауықтыру орталығы Бұқар жырау ауданына қарасты Асыл кентінде орналасқан. Балалардың жақсы демалуы мен сауығуына жағдай жасап, олардың шығармашылық қабілетін дамытады. Орталық 360 адамға арналған. Лагерь жазғы маусым бойы жұмыс жасайды. Әр маусым 12 күнге бөлінген, – деді «Салют» балалар сауықтыру орталығының басшысы Гүлмира Әмірова.

Мәжіліс депутаты сапар барысында балалардың сапалы және қызықты демалуы үшін жасалған жағдайдың барысымен танысты. Лагерьдегі балалармен әңгімелесіп, шығармашылық жұмыстарымен танысып, ұсыныстарын ортаға салды.

– Оқу-ағарту министрлігі «Қазақстандағы оқушылардың 70 пайызын жазғы лагермен қамтып жатырмыз» деп жылда есеп бергенімен, іс жүзінде он пайыз шамасында. Бұл жайтқа осы сапарым барысында да, бұған дейінгі жүздесулерде де көз жетті. Мысалы, Ұлытау облысында әлі күнге дейін бірде-бір лагерь жоқ. Ал, Қарағанды облысындағы оқушылардың тек 15 пайызы лагермен қамтылған. Жалпы өзге өңірлерде де орташа осы статистика. Сол үшін мектепке дейінгі жекеменшік мекемелерді де лагерьде демалыс ұйымдастыру ісіне жұмылдыру керек. Әр ата-ана баласының жазғы лагерьлерде демалғанын қалайды. Бірақ, елімізде сапалы ла-



герлер жетпейді. Қарағанды облысындағы «Салют» лагерінің аумағы көлемді болғанымен, абаттандыру жұмысы кемшін. Жазда шомылуға арналған бассейн болғанымен, суын сүзіп, үнемі тазалап отыру керек, – деп атап өтті Мәжіліс депутаты.

Қаракат Жаксылыққызының айтуынша, еліміздегі лагерьлерге ортақ стандарт керек. Бәріне өзге өңірлерде де орташа осы статистика. Сол үшін мектепке дейінгі жекеменшік мекемелерді де лагерьде демалыс ұйымдастыру ісіне жұмылдыру керек. Әр ата-ана баласының жазғы лагерьлерде демалғанын қалайды. Бірақ, елімізде сапалы ла-

– Бұдан бөлек, лагерьге жақын маңдағы өзен-көлдерде балаларға қауіпсіз жағдай жасау шарт. Балаларды лагерьде оқу-әдістемемен жүктей бермей, уақытын барынша ойын және мерекелік шаралармен өткізгені жөн, – дейді Қаракат Жаксылыққызы.

Лагерь жұмысымен танысу барысында депутаттың назарына балалардың әртүрлі демалысы мен дамуы үшін балалар орталығында ашылған шығармашылық шеберханалар, ойын және спорт алаңдары, бассейн көрсетілді.

– Лагерьде толыққанды сауықтыру демалысы үшін барлық

қажетті жағдайлар жасалған.

Балалар әрқайсысы 40 адамға арналған жеке жайлы ғимараттарда тұрады. Оқушылардың денсаулығын білікті медицина қызметкерлері бақылайды. Салауатты, теңдестірілген 6 реттік тамақтану қамтамасыз етілген. Барлық ауысымдар бойы полиция инспекторы жұмыс істегендіктен, балалар орталығының аумағы тәулік бойы қорғалады. Жұмыс нәтижелерін көрген ата-аналар сауықтыру орталығының қызметіне риза екенін атап өткен. Біз үшін бұл үлкен жетістік, – деп атап өтті «Салют» балалар сауықтыру орталығы директорының орынбасары Акбота Төкенқызы.

Жалпы, сауықтыру лагері жетекшілері биыл мәдени-бұқаралық және спорттық жұмыстарға қатысуға тарту арқылы балаларды зияткерлік, физикалық және адамгершілік тұрғысында дамытуды қолға алған.

Депутаттың айтуынша, бүгінгі таңда өңірлердегі әр лагерьде әдістеме әртүрлі. Кейбірінде тіпті, қауіпсіздік мәселесі шешілмеген. Бассейні жоқ қалалар бар, кейбірінің асханасы тар. Осы орайда, Президент жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссияның мүшесі балалардың білімі мен қауіпсіздігі үнемі назарда болуы үшін Оқу-ағарту министрлігіне ұсыныс жолдамақ.

Суреттерді түсірген автор

## • БАЛА – БОЛАШАҒЫМЫЗ

## Бала қауіпсіздігі қатаң бақылауда

Балалардың бос уақытын тиімді ұйымдастырып, сауықтырылуына жағдай жасау, сонымен қатар, қауіпсіздігін қамтамасыз ету – міндет. Биыл облыстағы 160 мың баланың жазғы демалысын тиімді ұйымдастыру жоспарланған. Бұл орайда қала сыртындағы 9 лагерь және мектеп жанындағы лагерьлер жұмылдырылды.

Аяулым СОВЕТ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Бүгінгі таңда ауыл мектептерінде оқитын 838 үздік оқушы «Қазақстан халқына» қоры есебінен Алматы қаласындағы «Тау-Жанашар», «Вақсу» лагерьлерінде және Қарағандыдағы «Салют» лагерінде демалды. Әлеуметтік осал отбасылардан шыққан 742 бала жергілікті бюджет есебінен сауықтыру орталықтарына жолдама алды.

– Биыл алғаш рет Ақтоғай ауданында 210 баланы қамтитын 6 күндік киіз үй лагері ашылды. Барлық мамандандырылған мектептер және инновациялық лицейлерде жазғы тілдік мектептер мен курстар, конструкция және робототехника бағыттары бойынша бейіндік лагерьлер ұйымдастырылды. Жазғы кезеңде барлық 44 қосымша білім беру ұйымдары бекітілген кестеге сәйкес жұмыс істейді. Балалардың жазғы демалысын ұйымдастыруда қауіпсіздік мәселелеріне баса

назар аударылды. «Қауіпсіздік» жобасы аясында 10 мың педагогикалық сертификат берілген. Жобада адамның өмірін сақтап қалу және төтенше жағдайдағы алғашқы көмек көрсету дағдыларына үйрету көзделген, – деді облыстық білім басқармасының басшысы Гүлбақыт Жүнісова.

Брифингте атап өтілгендей, бүгінде облыстағы жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқарманың мемлекеттік әлеуметтік тапсырысы аясында 200 студентті қамтитын «Студенттік педагогикалық жасақтар» жобасы іске асырылуда. Аудан, қалаларда «Қауіпсіз жаз», «Қауіпсіз аттракцион», «Қауіпсіз лагерь» профилактикалық акциялары да өтуде. Сонымен қатар, биыл алғаш рет Оқу-ағарту министрлігі әзірлеген 1-11 сынып оқушыларына арналған «Сенің шаттыққа толы демалысың» атты нұсқамалар (Гайдбуктар) оқушыларға таратылып, ата-аналар чаттарына жолданды.

Гайдбукта ата-аналар үшін



пайдалы ақпарат, жыл бойы жұмыс жасайтын лагерьлер тізімі, төтенше жағдайлар орын алған жағдайда хабарласатын шұғыл қызметкер нөмірі бар.

Биыл сондай-ақ, шомылу маусымының белсенді басталуына байланысты төтенше жағдайлар департаментінің бөлімшелері 1 мамырдан ауқымды жұмыс бастағанын айта кеткен жөн. Су айдындарында патрульдік поли-

цейлермен 1300-ден астам рейд жүргізілген.

Облыстағы төтенше жағдайлар департаментінің төтенше жағдайларды жою басқармасының басшысы Нұржан Жақатаевтың айтуынша, бүгінде облыстың барлық өңірлерінде үгіт-насихат жұмыстары жолға қойылған.

Басқарма басшысының сөзіне сүйенсек, судағы қауіпсіздік ережелерін сақтамау салдарынан 29 мау-

сым күні Нұра өзенінің Қызылжар ауылындағы суға түсуге тыйым салынған учаскесінде екі көмелетке толмаған баланың өліміне әкелген оқиға тіркелді. Балалар ересектердің қарауынсыз жалғыз қалған және суға шомылуға тыйым салынған жерлерде суға кеткен. Көрсетілген аумақтағы жағадан 2 метр жерде тереңдігі 4 метр жартас болған.

«Қазгидрометтің» мәліметінше, биыл жаз мезгілі ыстық әрі

ауа температурасы 40 градусқа дейін жетеді. Осы орайда төтенше жағдайлар департаменті балаларды ересектердің бақылауынсыз су айдындарына жіберуге қатаң тыйым салады.

Заңға сәйкес балаларды қараусыз қалдырғаны үшін ересектер әкімшілік және өзге де жауапкершілікке тартылады. Қауіп төнген жағдайда 101 және 112 телефондарына хабарласқан жөн.



• ӨЗЕКТІ

# «Ветеринария адамзатты емдейді»

Олай дейтін себебіміз, салалық медицинаның қоғамдағы маңыздылығына назар аудару әрдайым маңызды. Атаулы күні өңірдегі жануарлардың ахуалы мен әл-ауқатын қамтамасыз етуге шешуші рөл атқаратын облыстық ветеринария басқармасының атқарар қызметі турасына тоқталмақпыз.

Ведомство жануарлар арасында түрлі ауру атаулысының таралуын бақылауға әрі алдын алуға бағытталған міндеттердің кең спектрін жүзеге асырады. Мәселен, аусыл, бруцеллез, туберкулез және т.б. сияқты жұқпалы аурулардың мониторингі мен алдын алу – басым міндеттердің бірі. Осы мақсатта үнемі вакцинация, жоспарлы тексерулер және зертханалық зерттеулер жүргізіледі. Қарағанды облысы әкімінің 2015 жылғы 04 ақпандағы № 05/05 қаулысымен «Қарағанды облысының ветеринария басқармасы» мемлекеттік мекемесі құрылды. Бүгінгі күні облыстың 7 ауданында және 6 қаласында, мекемеге бағынысты «Ветеринария станциясы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындар қызмет жасауда. Облыс аумағында эпизоотиялық ахуалдың тұрақтылығын қамтамасыз ету мақсатында, жылма-жыл жануарлардың аса қауіпті ауруларының алдын алу, диагностикасы бойынша жоспарлы ветеринариялық іс-шаралар атқарылады. 2024 жылға эпизоотияға қарсы іс-шараларды жүргізуге 1,8 млрд. теңге бөлінді. Жануарлардың 14 түрлі аса қауіпті ауруларына қарсы 6,9 млн. екпе (сібір жарасы, аусыл, қарасан, құяру, нодулярлы дерматит, вирустық диарея, инфекциялық ринотрахеит, түйе обасы, жоғары патогенді құс тұмауы, ринопневмония, құстың Ньюкаслы, туберкулез, эхинококкоз) және 12 түрлі аса қауіпті ауруларына диагностикалық зерттеулерді жүргізу жоспарланды.

Жоспарлы шараларды жүргізуге республикалық қордан бөлінген 4 млн. 218 мың доза ветеринариялық препараттар жеткізілді. Есептік мерзімге, 3 млн. 805 мың екпе жүргізілді, 700 мың биологиялық сынамалар зертхана жағдайында диагностикалық тұрғыдан зерттелді.

Әкімшілік аумақтарда, эпизоотиялық бірліктерде, ветеринариялық іс-шаралардың уақытылы және сапалы атқарылуы үшін, аудандық/қалалық ветеринариялық станциялары материалдық-техникалық жағынан жарактандырылған. Соңғы 3 жылда, 243,776 млн. теңгеге, 26 бірлік – «Chevrolet Cobalt» және «Chevrolet Nexia» маркалы автокөліктер, 1 бірлік – тіркемесімен «КамАЗ» жүк көлігі, 1 бірлік – «УАЗ» көлігі, 1 бірлік – авторефрижератор, т.б. қажетті құрал-жабдықтар сатып алынды. Қазақстан Республикасының 2022 жылғы 21 мамырдағы №122 -VII ҚРЗ «Биологиялық қауіпсіздігі туралы» Заңына сәйкес, ветеринария станциясының мамандарының жұмыс процесінде патогендік биологиялық агенттермен ұдайы қарым-қатынаста болуы ескеріліп, республикалық бюджеттен, жалақысына қосымша 35% үстеме және екі лауазымдық айлық мөлшерінде сауықтыру жәрдемақысы төленеді.

Биылғы жылы, облыс бойынша 100,0 млн. теңгеге модульдік ветеринариялық пункттер сатып алынып, 5 елдімекенге орналастырылатын болады. Абай ауданының Көксу ауылдық округінде 1 ветеринариялық пункттің (құны – 80,0 млн теңге) құрылысы аяқталуға жақын. Сонымен қоса, демеушілік көмектің арқасында, Шет ауданының Босаға ауылдық округінде және Қарқаралы ауданының Қ.Аманжолов ауылдық округінде ветеринариялық пункт ретінде пайдалануға үй-жайлар берілді. 2024 жылы облыстық бюджеттен мал қорымдарын күтіп ұстау жұмыстарын жүргізуге 44,5 млн. теңге қаражат бөлінді. Қосымша бөлінген 87 млн. теңгеге, 22 мал қорымдарын және 2 сібір жарасы көміділерін, нормативтерге сәйкестендіру жұмыстары атқарылатын



болады. Облыс аумағында жануарлардың өлекселерін залалсыздандыратын 105 мал (оның 42 типтік мал қорымы, 63 қарапайым) қорымдары және 18 инсинератор (оның 14 стационоарлық, 4 жылжымалы) жұмыс істеп тұр. Сонымен қатар, 140 мал сою нысандары (18 мал сою пункттері, 116 мал сою алаңдары, 6 ет өңдеу кәсіпорны) елдімекендердің халқына қызмет жасап тұрғандығын жеткіземіз.

Басқарма жұмысының маңызды аспектілерінің бірі – білім беру қызметі. Ветеринарлар фермерлер мен үй жануарларының иелеріне жануарларды күтудің заманауи әдістері, аурулардың алдын алу және Зоогигиена негіздері туралы дәрістер мен семинарлар өткізеді. Бұл халықтың білім деңгейін арттыруға және аймақтағы жалпы эпизоотиялық жағдайды жақсартуға көмектеседі. Жас мамандармен жұмыс істеуге ерекше көңіл бөлінеді. Ветеринария басқармасы студенттерге практика мен тағылымдамалардан өтуге мүмкіндік бере отырып, бейінді оқу орындарымен белсенді ынтымақтасады. Бұл болашақ

ветеринарларға қажетті тәжірибе мен дағдыларды алуға мүмкіндік береді, бұл аймақтағы ветеринарлық қызмет сапасын жақсартуға көмектеседі. Соңғы жылдары менеджмент өз жұмысына заманауи технологиялар мен инновацияларды енгізуге баса назар аударды. Жануарларды тіркеу және есепке алу, сондай-ақ эпизоотиялық жағдайды бақылау үшін цифрлық платформаларды пайдалану аурудың өршуіне жедел ден қоюға және қажетті шараларды қабылдауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, телемедицинаның дамуы ветеринарларға фермерлер мен жануарлар иелеріне қашықтан кеңес беруге мүмкіндік береді, бұл әсіресе шалғай елдімекендерде маңызды.

Ветеринария басқармасының тиімді жұмысы басқа мемлекеттік және жеке ұйымдармен ынтымақтастықсыз мүмкін емес. Маңызды аспект – жергілікті өзін-өзі басқару органдарымен, ауылшаруашылық кәсіпорындарымен, зертханалармен және ғылыми мекемелермен өзара әрекеттесу. Бірлескен күш-жігер туын

даған мәселелерді тиімді шешуге және алға қойған мақсаттарға жетуге мүмкіндік береді.

Соңғы жылдары Қарағанды облысының ветеринария басқармасы айтарлықтай жетістіктерге жетті. Мамандар тобының үйлесімді жұмысының арқасында жануарлар арасында жұқпалы кеселдер деңгейін айтарлықтай төмендетуге, жануарлардан алынатын өнімдердің сапасын жақсартуға және өңірде ветеринариялық қызмет көрсетудің жоғары деңгейін қамтамасыз етуге мүмкіндік туды. Сонымен қатар, Менеджмент Халықаралық жобалар мен бағдарламаларға белсенді қатысады, бұл тәжірибе алмасуға және өз жұмысына озық әдістер мен технологияларды енгізуге мүмкіндік береді. Қорыта келгенде, ветеринария қызметінің негізгі міндеті, адамзатты жануарлар мен адамдарға ортақ аурулардан қорғау, кенеттен пайда болатын аурулардың алдын алу, таралуына жол бермеу бағытында арнайы іс-шараларды атқара отырып, ветеринариялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету болып табылады. Қоғамда жиі қолданылатын «Медицина адамды, ветеринария адамзатты емдейді» деген тәмсілдің жауапкершілігі зор. Ветеринарлар күні ветеринарлық медицинаның маңыздылығын және күнделікті жануарларымыздың денсаулығына қамқорлық жасайтын адамдарды еске салатын маңызды мереке. Жергілікті жердегі ветеринар мамандар өңірдегі жануарлар мен халықтың әл-ауқатын қамтамасыз етуге айтарлықтай үлес қосуда. Олардың қызметі кәсіпқойлықтың, адалдықтың және үнемі даму мен жетілдіруге деген ұмтылыстың барқын мысалындай. Осы мереке күні барлық ветеринарлық мамандарға алғысымызды білдіргіміз келеді әріптестеріміздің еңбек жолында табыс пен жетістік тілейміз!

**Амандық ЖАКЕТАЕВ,**  
**«Қарағанды облысының ветеринария басқармасы» мемлекеттік мекемесінің басшысы**

• БІЗДІҢ СҰХБАТ

## «Мал-жан амандығы – маңызды»

Биылдан бастап елімізде 10 шілде Ветеринария қызметкерлерінің күні болып бекітіліп, атаулы өтетін болды. Осы кәсіби мереке қарсаңында «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрілігі Ветеринарлық бақылау және қадағалау комитетінің Қарағанды облыстық аумақтық инспекциясы» мемлекеттік мекемесінің басшысы Ержан Мысырұлы Бекетбаевпен әңгімелескен едік...

– Ержан Мысырұлы, кәсіби мерекелеріңіз құтты болсын! Өдетте халқымыз сәлемдесуді мал-жаннның амандығын сұраудан бастайды ғой. Осының алдындағы облысымыздың Еркіндік, Үміткер ауылдары мен Топар кентінде пайда болып, кейбірінде кісі өліміне соқтырған оқиғалардан кейін жағдай түзелді ме?

– Рақмет құттықтауыңызға! Рас айтсаңыз, мал аман болса, жан да аман болады. Өйткені, мал өнімдерін тұтынбайтын адам кемде-кем. Жоғарыда аталған елдімекендерде мал індетінің кесірінен қайтылы жағдайлардың болғаны шын. Бүгінде олардағы індет ошақтары жойылып, қауіпсіздік пен сақтық шаралары үзбей жүргізілуде.

– Мәселен, ол қандай шаралар?

– Бүгінгі таңда бізде Қарағанды облысының Ветеринария басқармасы, 7 аудан мен 6 қалада ветеринарлық станциялар, ауылдық және кенттік округтерде ветеринарлық пункттер жұмыс істеуде. 2017 жылдан бері 50 сібір жарасы көмілген нақты жерлердің орнын анықтау бойынша әрекет жасалды. Соның нәтижесінде барлық жерлеу орындарында қоршаулар мен тану белгілері орнатылып, мемлекеттік жер кадастрының автоматтандырылған ақпараттық жүйесіне деректерді орналастыра отырып, жерге мемлекеттік актілерді ресімдеу бойынша жұмыстар жүргізілді. Жергілікті бюджеттен 94,6 миллион теңге бөлінді, 2 мал қорымы салынып (Нұра ауданы мен Балқаш қаласында), 17 мал қорымы ветеринарлық талапқа сәйкестендірілді (Абай – 1, Ақтоғай – 1, Жаңақарқа – 2, Ұлытау – 2, Шет – 7, Жезқазған – 3, Саран – 1).

Эпизоотиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету 3 жылжымалы инсинератор (өлекселерді өртейтін пеш) сатып алынды. Сонымен қатар, 25 миллион теңгеге ветеринарлық пункттер интернетпен қамтылды. 2019 жылы ветеринарлық препараттардың сапалық көрсеткішін сақтау үшін аудандық ветеринариялық станцияларға 15 тоназытқыш сатып әперілді (3,9 миллион теңгеге). 2020-2021 жылдары саланы басқарудың «тік жүйесін» құруға бағытталған реформалар сәтті іске асырылды.

Инфекцияның өршуі туындаған кезде басқаруда және жедел ден қоюда бірінші тәсілді қамтамасыз ету мақсатында ветеринарлық станциялар мүлтік кешендері аудандық деңгейден облыстық деңгейге ауыстырылды. Облыс аумағында 7 типтік мал қорымы салынып, аудандық ветеринарлық станциялардың балансына берілді (Ақтоғай ауданында Шабанбай би, Сарытерек ауылдық округі, Қарқаралы ауданында Қарқаралы қаласы, Бақты, Нұркен ауылдық округтері, Осакаров ауданында Осакаровка кенті, Ақбұлақ ауылы).

– Білікті мамандардың жетіспеушілігі мен материалдық-техникалық жабдықтаудың нашарлығынан ветеринария саласындағы жұмыстардың ақсап жататыны жайлы жиі естіміз. Оған не себеп және оны жою жолында қандай қадамдар жасалуда?

– Сөзіңіздің жалғаны жақ. Соны білдірмей, алдын алу мақсатында мамандарды тарту үшін жергілікті бюджет қаражаты есебінен 2019 жылы талапкерлер

арасынан 10 адамға білім беру грантын орналастыру туралы шешім қабылданып, тиісті жұмыстар жүргізілді. 2021 жылы ішкі бағдарламалар арқылы 1 650,4 миллион теңгеге дейін ұлғаюына қол жеткізіліп, салалық мамандардың жалақысы өңірлер бойынша орташа есеппен 20 пайызға дейін арттырылды. Ветеринарлық қызмет көрсету сапасын жақсарту мақсатында Абай ауданының Дубовка, Нұра ауданының Ахмет, Ақтоғай ауданы, Бұқар жырау ауданының Ботақара ауылдарында жаңа малдәрігерлік пункттер салынып, сондай нысанның құрылысы Абай ауылының Көксу ауылында да жүріп жатыр.

2022 жылдың мамыр айынан бастап, облыс бойынша ветеринар мамандардың жалақысы орта есеппен 50 пайызға дейін өсті.

Кеңес өкіметі тұсында ауыл шаруашылығы жануарларына диагностикалық зерттеу жүргізу үшін қан алу иелері қолданылатын. Қазіргі уақытта бір реттік вакуумдық құтылар пайдаланылады. «Биологиялық қауіпсіздік туралы» Қазақстан Республикасы Заңына патогендік биологиялық агенттер мен қосымша жұмыс істегені үшін қосымша ақы белгілеу жөніндегі заңға тәуелді актілерге сәйкес, республикалық бюджет қаражаты есебінен облыстық ветеринарлық мамандарының жалақысы 35 пайызға өсіп, екі лауазымдық айлық мөлшерінде сауықтыру жәрдемақысы белгіленді.

– Осы күні қаңғыбас иттер мен мысықтар мәселесі де жұртты алаңдатып отырған жайы бар. Олардың ауру таратуы былай тұрсын, тапа-тал түсте адамға шабуыл жасау фактілері жиілен кетті. Бұл проблеманың бәрі сіздердің құзыретіңізге жатпағанмен, өздеріңізге қатысты сұрақтарға байланысты не істеліну?

– Жасыратыны жоқ, мұндай проблеманың бары рас. «Қарағанды облысында Қазақстан Республикасының «Биологиялық қауіпсіздік туралы» Заңын іске асыру жөніндегі Жол картасында» белгіленген іс-шараларды сапалы және уақытылы орындау мақсатында аудан, қала әкімдері қаңғыбас жануарларды уақытша ұстау пункттеріне жер телімдерін бөлу жұмыстарын қолға алды. Үй жануарларының иелеріне, жануарларды қорғау ұйымдарына, сондай-ақ, ветеринарлық-профилактикалық қызметті жүзеге асыратын субъектілерге, «ТАНБА» ақпараттық есепке алу жүйесі пайдалануға берілді.

Жалпы жануарлар ауруларының диагностикасын жүргізуде облысымызда республикалық ветеринарлық зертхананың Қарағанды бөлімшесі, 6 аудандық, 1 қалалық (Балқашта) зертханалар бар. Оларда 112 ветеринарлық маман жұмыс істеп, 15 автокөлікпен қамтамасыз етілген. Жануарлар мен құстардың аса қауіпті аурулары тіркелген жағдайда сауықтыру және індет ошағын жою мақсатында Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитеті «Республикалық эпизоотияға қарсы отряды» республикалық мемлекеттік мекемесінің Қарағанды филиалы құрылып, ол індет ошақтарында сауықтыру жұмыстарымен айналысады. Бұл мекемеде 10 маман жұмыс істеп, олар 3 «УАЗ» автокөлігімен, дезин-



фекциялық құрал-саймандармен, 1 «Нива», 2 «ДУК», 1 «Газ-53» көліктерімен жабдықталған.

– Ержан Мысырұлы, кейінгі кезде бізге шеттен келетін азық-түліктің, соның ішінде мал өнімдерінің сапасы мен қауіпсіздігіне жұрттың көңілі тола бермейді...

– Облыста шет елдерден келетін жануарлар мен олардан алынатын өнімдердің тасымалдануы «Меркурий» және «Аргус» бағдарламалары арқылы бақыланады. «Сарыарқа» әуежайында шет елдерден келетін бақылауға жататын, орны ауыстырылатын (тасымалданатын) нысандарды бақылау бекеті бар. Сол сияқты экспорттық әлеуетімізді арттыру мақсатында шет елдерге жануарлардан алынатын өнімдерді экспорттайтын тізілімге (реестр) 77 кәсіпорын енгізілді. Оның ішінде Еуразиялық экономикалық одаққа 67, Еуроодаққа 1, Қытайға 1, Жапонияға 5, Біріккен Араб Әмірліктеріне 2, Өзірбайжанға 1 кәсіпорын ветеринариялық талаптарға сәйкестендірілді.

– Енді қазіргі таңда атқарып жатқан жұмыстарыңыз бен алға қойған жоспарларыңыз жайлы айтыңыз...

– Облыстық аумақтық инспекцияның тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі бөлімінің мамандары қысқы және жазғы, ер мен әйелдердің нысанды киімімен (погонсыз), арнайы киімдермен қамтамасыз етілген. Облыс аумағындағы базарларда жануарлардан алынатын өнімдерге ветеринарлық-санитариялық сараптама жүргізетін лицензиялық ветеринариялық-санитариялық зертханалар жұмыс жасауда. Облыс бойынша жануарларды өсіруді, олардан алынатын өнім мен шикізатты дайындауды (союды), сақтауды, қайта өңдеуді және өткізуді жүзеге асыратын өндіріс нысандарына, сондай-ақ ветеринариялық препараттарды, жемшөп пен оның қоспаларын өндіру, сақтау және өткізу жөніндегі ұйымдарға есептік номерлер беру (1284 есептік номер) арқылы бақылау және қадағалау жүргізілуде. Жалпы, облыс бойынша ветеринариялық бақылау мен қадағалауға жататын 40948 нысан жұмыс істеп тұр.

Облыс бойынша мал өлекселерін жоятын 105 мал қорымы болса, соның ішінде 42 типтік мал қорымы (биотермиялық шұңқыр), 63 қарапайым мал қорымы, 2 жылжымалы және 16 жылжымайтын инсинератор бар. Тамақ өнімдерінің қауіпсіздігін сақтау мақсатында 3

етті қайта өңдеуші кәсіпорын, 3 құс етін қайта өңдеуші кәсіпорын, 15 мал сою пункті мен 78 мал сою алаңы жұмыс істеуде. Бүгінде ішкі сауда нысандарына (базарларда) «Vet Lab» мониторинг пилоттық жобасы жүзеге асырылуда. Сол арқылы берілген сараптама актісінен ет сатып алушы QR-кодпен бастапқы ақпаратты ала алады. Яғни, малдың «сырға» номері, өнім түрі, жынысы, туған жылы және мекені, иесі, сойылған жері, сараптама актісін берген ветеринариялық зертхананың аты көрсетілген ақпаратпен таныса алады.

Жергілікті атқарушы органдар құрылған ветеринариялық пункттің мамандарымен 2024 жылдың 01 шілдесіне 484 311 бас ірі қара, 793 643 бас ұсақ мал, 81 206 бас шошқа, 328 240 бас жылқы, 1 216 бас түйе малдары сырғалау, таңбалау және чиптау арқылы біртектендіріліп, дерекқорға енгізілді. Республикалық бюджет есебінен облысымыздағы ауыл шаруашылығы жануарларының құтыру, қарасан, сібір жарасы, аусыл, эхинококкоз, вирустық диарея, жұқпалы ринотрахеит, туберкулез, нодулярлы дерматит аурулары мен құстардың тұмау, Ньюкасл ауруларына қарсы тегін вакцина ету, аллергиялық зерттеу жұмыстары, сондай-ақ, жануарлардың бруцеллез, аусыл, қошардың инфекциялық эпидидимит, жылқының инфекциялық линфангит, сібір жарасы, мит, лейкоз, пастереллез, туберкулез, паратуберкулез, қарасан, вирустық диарея, жұқпалы ринотрахеит ауруларына диагностикалық зерттеулер (серологиялық, вирусологиялық, бактериологиялық) бекітілген жоспарға сәйкес жүргізілуде.

Биылғы жылға міндеттер Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024-2028 жылдарға ауыл шаруашылығы өнімдерінің жалпы көлемін 2 есе ұлғайту бойынша бекіткен Жол картасында облысқа қажетті ветеринариялық нысандардың көлемі көрсетілген. Сол тапсырманы орындау мақсатында жергілікті бюджеттен тиісті көлемдегі қаржы қарастырылған жағдайда құны 16,5 миллион теңгені құрайтын ветеринариялық пункттерді сатып алу жүзеге асырылады. Сонымен қатар, 2024 жылғы аудандық кәсіпорындар есебінен 7 жол талғамайтын көліктер (пикаптар) сатып алу да жоспарда бар.

**Іске сәт, ендеше! Әңгімеңізге рақмет!**

Сұхбаттасқан  
**Ержан ИМАШ,**  
«Ortalyq Qazaqstan»

• АКЦИЯ

# Жеңу үшін қолдау керек

Белгілі параспортшы Наталья Звягинцеваға есімі жазылған арнайы қол арба табысталды. Бұл қолдау шарасы «Паражүзу федерациясы» республикалық қоғамдық бірлестігінің акциясы арқасында жүзеге асты. Қоғамдық бірлестік демеушілердің көмегімен барлық параспортшыларды ескермек.



Сурет облыстық әкімдік сайтынан

Жансая ОМАРБЕК, «Ortalyq Qazaqstan»

Акция аясында бірінші болып айрықша сыйлық алғаны – Наталья болды. Себебі, ол – Әлем чемпионы, Азия пара ойындарының бірнеше дүркін жүлдегері әрі Қазақстанның бірнеше дүркін чемпионы. Біз әрбір спортшымыздың еңбегін атап өткіміз келеді. Мұны еліміздің жетекші паражүзушісі Натальядан бастау туралы шешім қабылдадық. Ол бірнеше рет халықаралық жарыстардың тұғырына көтерілді. Ол – әлі де көптеген белестерді бағындыра алатын еңбеккер спортшы, – деді «Паражүзу федерациясы» республикалық қоғамдық бірлестігінің президенті Айдар Карптаев. Бұл істе бас демеуші ретінде «Шахизадан» қорының негізін қалаушы көмегін ұсынды. Наталья Звягинцева – облыс намысын қорғап жүрген есімі мәлім спортшы. Оның параспортта жүргеніне 10 жылдан асты.

– Мен 2009 жылдан бері жүзумен айналысамын, – дейді спортшының өзі. – 2010 жылы Біріккен Араб Әмірлігінде өткен халықаралық старттарға бардым, онда бірінші орынды иелендім. Содан бері көптеген чемпионаттар болды, онда жүлдегер де, жеңімпаз да болдым. Ең қиыны – өзіңізді жеңу. Өкінішке қарай, екінші бірі ондай жігер таныта бермейді. Спорт ынталандырады, өмір сүруге деген ұмтылыс береді. Маған ерекше қажет сыйлық бергендеріңіз үшін рахмет! Арба – жеңіл және ыңғайлы. Бұл спортшының қозғалысын жеңілдетеді. Үш жылдық кепілдігі де бар. Тен Qogam орталығында мүгедектер арбасын жөндеу және қызмет көрсету бойынша көмек түрі бар. Қандай да бір мәселе туындаса, орталық қызметкерлері спортшыға көмектесуге уәде берді. Параспортшы шамасы жеткенше әлі де бірнеше жыл жаттығамын деп жоспарлап отыр. Ал қазір ол келесі жылы өтетін әлем чемпионатына дайындалады.

• МЕЗГІЛ МӘСЕЛЕСІ

# Шегірткеге қарсы күрес жалғасуда

Ақтоғай ауданы аумағындағы жайылымдық жерлердегі шегіртке зиянкестері таралуының алдын алу мақсатында химиялық күрес шаралары басталды. Осыған орай Жидебай ауылдық округінің әкімі Абзал Бейсенбаев Сәуле, Ұшарал елдімекеніне арнайы барып, шегірткеге қарсы дәрілеу жұмыстарының барысымен танысты.

Нұрлос КӘРІМ, «Ortalyq Qazaqstan»

– Ең басты мақсат – шегіртке ошақтарын тез арада залалсыздандырып, зиянкестердің кең етек алып кетпеуіне тосқауыл қою. Ауданға қарасты жайылымдық және егістік жерлерді шегірткеден аман алып қалу. Осы тұрғыда облыс әкімінің өкімімен облыс аумағында қолайлы фитосанитариялық ахуалды қамтамасыз ету мақсатында штаб құрылған болатын. Бүгінгі таңда аса қауіпті үйірлі шегірткелерге қарсы химиялық өңдеу жұмыстары, фитосанитариялық іс-шаралар жүргізілді.

гизу жоспарланған, – дейді ауыл әкімі Абзал Бейсенбаев. Ақта кетейік, мамандардың мәлімдеуінше, дәрілік заттар төрт түлік малға, балық пен өзге тіршілік иелеріне қауіпсіз көрінеді. Шіркейлердің дернәсілдерімен күресу үшін дәрілерді суға жіберу әдісі, ал су қорғау және далалық аймақтарда химиялық өңдеу әдісі қолданылмақ. Бүгінде Жидебай ауылдық округінің Сәуле, Ұшарал елдімекендерінде жалпы 1500 гектар аумақты дәрілеу жұмыстары жүргізілді.

Ақтоғай ауданы

• ӘЛЕУМЕТТІК ҚОЛДАУ

# Аймақта – айрықша жоба

Аймақта жұмысқа орналастыруға бағытталған айрықша жоба басталды. Оның бұрын-соңды жүзеге асырылған жобалардан ерекше деуімізге негіз бар. Оған жұмысы бар да, жұмыссыз да, үлкен де кіші де қатыса алады.

Жансая ОМАРБЕК, «Ortalyq Qazaqstan»

«JUMYS TAP» жобасы ресми тіркелген және тіркелмеген жұмыссыздарды, өзін-өзі жұмыспен қамтығандарды, студенттерді, жасы зейнетке жақындаған адамдарды, сондай-ақ, қосымша мамандық алғысы келетін немесе жұмыс орнын ауыстырғысы келетін азаматтарды жұмысқа орналастыруға және оқытуға бағытталған. Комьюнити орталықтар мен кеңес беру пункттерінде өтініш білдірген азаматтарға жұмысқа орналасу, мамандық алу немесе қайта оқу үшін кеңес беріледі. – Жобаны жүзеге асыру үшін адамдар көп жиналатын ірі сау-

мыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы басшысының орынбасары Төлеу Мұхтар. Қайта даярланатын мамандықтардың барлығы да еңбек нарығында сұранысқа ие. Мәселен, бариста, аспаз, кондитер, даяшы, электрик, сылақшы-сыршы, электрослесарь, автослесарь, дәнекерлеуші, флорист, бетоншы, жиһаз құрастырушы, SMM мамандары, сайт жасаушы, графикалық дизайнер, мобилграфия, маркетинг, таргетолог, тігінші, шаштараз және басқа да мамандықтар бар. Төлеу Қайратұлының айтуынша, бір аптада бариста мамандығын игеріп шығуға болады. – Бұл мүмкіндік – кез келген адамға қолжетімді, – дейді Төлеу Мұхтар. – Оның жұмыспен қамтылу статусына қарамаймыз. Ол адам жұмыс істеп жүріп, мамандық игеремін десе, рұқсат. Жасына қарай шектеу жоқ және

• ПРОБЛЕМА. ҰСЫНЫС. ПІКІР

# Еңбек қатынастарының жаңа парадигмасы

Бұл жазбада ғылым да бар, заң да бар, нақты тәжірибе де бар, керек десеніз қиял да бар. Зерделей алған адам өзіне керек көп идея табады. Бір жағынан, әлемдік көзқарас шеңберінде қарастырылған. Еңбек адамы, ауыл мен қала тұрғыны, жұмыс беруші мен мемлекеттік қызметкер де өзіне керегін табады, алады...

Ойлан және жақсылық жаса

Барша қасиетті кітаптардың, философиялық трактаттардың, ғылыми-ағартушылық еңбектердің, неше түрлі тұжырымдамалардың, заңдардың түпкі мақсаты не? Олар нені көздейді? Бұған жауапты адамға жақсылық жасау, оның өмірін жақсарту, оған мән беру, айнала ортаны қорғау деп қайыруға болатындай. Рене Декарттың «Мен ойлаймын, яғни, мен бармын» деген ойы – адамның адамдығын айғақтайтын басты нышан. Айн Рэнд оған адамның жақсылық жасауы қажеттігін қосады. Рене Декарт пен Айн Рэндтің ойларынан ортақ қорытынды жасасак, адамның басты қасиеті ізгі ой ойлау мен жақсылық жасауға келіп саяды. Мәселен, айнала көзімізге түскен болмысқа зер салсақ, біз материалдық дүниені қууды адамдық өмірімізді жақсартудың құралы ретінде емес, мақсат ретінде танып кеткендейміз. Біздің мақсатымыз бөленбай миллион тонна көмір өндіру, тағы соңша болат қорыту, бөленбай мың баспа табак кітап жазу емес болар? Сіздер бұған келісетін шығарсыздар?

Бір кезде Біріккен Ұлттар Ұйымының Даму бағдарламасы аясында адам дамуы туралы баяндамалар жариялана бастады. БҰҰДБ-ның алғашқы баяндамасында (1990) экономикалық және қоғамдық прогрестің басты мақсаты мен мәні нарықтық экономиканың дамуын жеделдету емес, қайта әрбір адамның өз әлеуетін дамытуға әрі салауатты, шығармашыл, толыққанды, белсенді өмір сүруге мүмкіндік беру деген қағидаттық идея қалыптасты. Әрбір адам – қоғамдық дамудың басты басымдығы әрі әлеуметтік-экономикалық саясаттың белсенді қатысушысы ретіндегі қарастырылатын тұлға.

Адам әлеуетінің тұрақты дамуы деп тандау еркіндігі берілген жағдайларда сыртқы ортаның өзгерістеріне бейімделе білетін адам мүмкіндіктерінің үздіксіз тенгерімді кеңейту процесі түсіндіріледі. Шындап келгенде, адам әлеуетін жүзеге асырудың экономикалық және әлеуметтік алғышарттары алуан түрлі болуы мүмкін әрі олар оның өмірінің барысында өзгеруде болады. Алайда, негізгі деп үш басты мүмкіндікті танимыз. Олар: 1) ұзақ жасау мен дені сау болу, 2) білімі әрі кәсібі өсу, 3) әл-ауқатының лайықты деңгейін ұстап тұру. Адами даму оның әл-ауқатының, сондай-ақ, денсаулығының нығаюын ғана емес, оның жалпы және адамгершіліктік мәдениетінің, кәсіби және шығармашыл әлеуетінің дамуын да қамтитыны сөзсіз. Осылар ғылыми-техникалық прогресс пен әлеуметтік-экономикалық дамудың қозғаушы күші әрі қоғамның тұрақты гүлденуінің сенімді негізі болады.

Облыс орталығының іргесіндегі серіктес қала, Қазақстан Магниткасының атасы Теміртау деген қаланы студенттік кезімнен білемін. Қазіргі кезде Астанаға қатынаған сайын, осы қаланың кейде ішінен көктей өтіп, көбіне оны айналма жол арқылы жанай өтемін. Әрбір осындай сапарда өндірістік мұржалардан будақтап шығып, ауаға жайыла тарап, қала аумағына, одан тысқары кең байтаққа шөгө кең таралып жатқан қою да зиянды түгінді көріп, әрқашан ойға қаламын. Қарағандының өзінің де экологиясы оңып тұрмағаны баршаға мәлім. Бірақ адамдардың көпшілігінің өз көзіндегі шелді көрмей, өзгені көзіндегі шөпті байқайтыны си-

яқты, мен де Қарағандының көк түгінге шалдыққан ауасына аса назар аудармай, Теміртаудың көк түгін құрсаулаған аспанына ерекше уайыммен қараймын. Неліктен осы қаланың адамдары осыншалықты зиянды жағдайларға төзіп өмір сүреді? Неліктен қала басшылығы, өндіріс компаниялары, қазіргі кезде алпауыт компанияның шетелдік иесі, оның жоғары жалақы алатын топ-менеджерлері, жалпы осы қалада шоғырланған барша еңбеккерлер көп те сапалы өнім алуды ойлағанда, адамдардың, шындығында өздерінің өмір сүру сапасы, денсаулығы, ішетін суы, жұтатын ауасы, өсіріп отырған балалары туралы неге терең ойламайды? Міне, мені мазалайтын – осындай сұрақтар...



Қиялыңды шектеме

Әлеуметтік-еңбек қатынастары шиеленісе берген соң, осы маңызды әлеуметтік мәселеге арналып, облыс деңгейінде 2014, 2016, 2018 жылдары бір ғана тақырыпта арнайы конференциялар өткізілді. Олардың қарарлары негізінде біршама жұмыс атқарылды. Кез келген үлкен деген проблеманы бөлшектеп алғанда, оны шешу жеңілдейтіні бар. Иә, кейбір үлкен проблемалар тұтастай ала салып, бірден шешіп тастауға көнбейді. Үлкен проблеманы бөлшектеп, шағын фрагменттерін бөліп алып, біртіндеп шешуге болатынын білеміз. Екінші жағынан келсек, бәзбір мәселені шешуге келгенде оны дәл жоғарыда айтылғандай жіліктеп, бөлшектеп, фрагменттеп алып, ақыр соңында «Кім?», «Не?», «Не үшін?», «Қалай?» деген сұрақтарға жауап таба алмай, шынайы бар түйткілді сөзбұйдаға салып, су аяғы құрдымға айналдырып жіберуге болатынын да көріп жүрміз. Әлеуметтік-еңбек қатынастарына қатысты айтатын болсақ, мен осы екінші тәсіл басымдау болып кетеді-ау деп күдіктенемін.

Еңбек заңнамасында әлеуметтік-еңбек қатынастары туралы көп қаузалған. Әлеуметтік терминнің өзі онда жеке не түрлі сөз тіркестерін қоса алғанда жүз шақты рет кезігеді. Мәселен, әлеуметтік-еңбек, әлеуметтік әріптестік, әлеуметтік басымдық, әлеуметтік бейімсіздік, әлеуметтік демалыстар, әлеуметтік депривация, әлеуметтік диалог, әлеуметтік кепілдіктер, әлеуметтік мақсаттар, әлеуметтік жәрдем-ақы, әлеуметтік қызметтер, әлеуметтік аударымдар, әлеуметтік қорғау, әлеуметтік қатынастар, мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры, әлеуметтік сақтандыру, әлеуметтік стандарттар, әлеуметтік сый-

лықақылар, әлеуметтік төлем, әлеуметтік тұрақтылық, әлеуметтік-тұрмыстық, әлеуметтік-экономикалық, арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету стандарттары деген тіркестер жиі ұшырасады. Осылардың өзінен-ақ бұл саланың қаншалықты ауқымды, көп қатпарлы екенін аңғаруға болады.

Мемлекеттің әлеуметтік саясаты, еңбек заңнамасы, түрлі мемлекеттік тұжырымдамалар тұрғысынан келгенде бәрі тамаша демесек те, көңілге қонатындай, ауыз толтырып айтатындай жайттар жеткіліксіз. Конференция мінберінен сөйлеген бірнеше баяндама облысымыздағы үлкен компаниялардың аталмыш салада атқарып жатқан толымды істеріне арналған. Егер атқарылған істер, келісіліп қол қойылған шарттар жеткілікті болса, онда мәселе неге келіп тіреледі? Не себептен әлеуметтік-еңбек қатынастарын реттеу өте өзекті мәселе ретінде қатарынан үш бірдей конференцияда талқылаудың өзегін құрды? Алдыңғы конфе-

ренциялар не шешті, олардың қарарлары қаншалықты іске асты? Қаншалықты алға жылжыдық, қай жерде қия бастық, кері кеттік? Жетістігіміз не? Кемістігіміз не? Осыған жауап беретін орган, не жеке тұлға бар ма? Бұл конференциялардың жұмысы кімге керек? Іздейтін адам бар ма? Әрине, осындай өзекті тақырыптың көтерілуінің өзі, күн тәртібінен түспей тұруы көп нәрсені аңғартады. Оның үстіне, осы мәселені талқылаушылардың қатары мен географиясы үнемі артып келеді. Сол қатарда болгарлық, қырғыздық, ресейлік зерттеушілер болғанын ауыз толтырып айтуға болады.

Облыстық әкімдік, оның ішінде ішкі саясат басқармасы күрделі де, өзекті мәселені талқылауға қажетті де жеткілікті жағдайлар жасады. Мәселені зерделеуде, оның түрлі түйткілдерін қозғауда ешбір цензура, қандай да бір қақпайлау болған емес. Бізді еркіндікке жібермей отырған өзіміздің ішкі цензурамыз, өзіміздің бостандық шеңберіміздің тарлығы, ішкі мотивациямыздың жетімсіздігі. Мәселеге тым тар тұрғыдан, формальдық тұрғыдан, қолданастағы заңнамалар шеңберінен ғана қарауды әдетке айналдырып алғанымыз болып тұр. Иә, әлеуметтік-еңбек қатынастары дегенде біздің ғалымдар мен баяндамашы шешендердің көбі тек өндіріс аясындағы қатынастарды ғана қарастырып отыр. Яғни, тақырып аясын орынсыз шектейтіндей көрінеді...

Менің аңғарғаным осы. Сіздер не байқап жүрсіздер?

**Болат СЫЗДЫҚ,**  
Қазақстан Журналистер одағының мүшесі  
(жалғасы бар)

**JUMYS TAP**  
Telegram-бот

**ТЕГІН**

**ЖҰМЫС ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІ ІЗДЕУ**

Сурет ашық зерттеумен

мекенжай бойынша тіркеу талап етілмейді. Мансап орталықтарында да оқытатын, жұмыс тауып беретін қысқамерзімді курстар бар. Онда оқу 1 айдан 6 айға дейін. Бірақ, ол жерде адамның жұмыссыз ретінде тіркелуі және мекенжай бойынша тіркелуі міндетті саналады. – «JUMYS TAP» жобасы аясында азаматтардың жұмыспен қамту мәртебесіне, жасына және тіркелуін болмауына қарамастан, оқытып, жұмысқа орналастыруға жәрдемдесе аламыз, – деді ол. Ақпараттық қолдау үшін бос жұмыс орындары мен оқытатын мамандықтар тізімі бар Telegram-арна іске қосылғанын да атап өтті. Одан бөлек, Call-орталық 60-50-50 телефон нөмірі бойынша жұмыс істейді. Жоба – жұмыссыздарға, жұмысы болса да басқа мамандықты игергісі келетіндерге жасалған тағы бір таптырмас мүмкіндік.



• МЕМЛЕКЕТТІК СЫЙЛЫҚҚА ҰСЫНЫЛҒАН ШЫҒАРМАЛАР

# Білте шамнан күннің жарығына дейін...

(Бауыржан ЖАҚЫП. «Білте шамның жарығы» Көкішетау: «Надежда 2050» ЖШС, 2021ж.-280 бет)

Бауыржанның азаматтығына, ақындығына тәнті болып жүретін ағасы едім. Талай рет дәмдес, сапарлас болдық. Бір сөзбен айтқанда, Бауыржан бауырымды барлық қырынан танимын. Сегіз қырлы, бір сырлы азаматтың нағыз өзі. Таяуда «Білте шамның жарығы» деген жыр кітабы қолыма тиді. Өзімде білте шамның жарығымен сауат ашып, Иманактың Қызылағаш қыстағында ержеттім. Соғыс біткенде жеті жасар бала едім. Арқаның қысы да, түні де – тым ұзақ. Күн еңкейіп, ескінді ауа малды жайғап, үйте кіреміз. Білте шамның жарығы үй-ішін ерекше нұрландырып тұрушы еді. Менімен тұстас замандас қаламгерлер шығармаларында білте шамның өлеусіреген жарығымен өстік деп жазып жатады. Білмеймін мен үшін сонау 30-40 жылдарда әрбір үйде болған білте шамның жарығы ерекше көрінуші еді. Мектептен сауат ашып, қаріп танытын халге жетісімен-ақ небір қисса, дастандарды, батырлар жырын сол білте шамның жарығымен оқып өстік. Әрине, ол кезде күні бойғы күйбен тірліктен қараңғы түсе ғана қол босайтын.

Мен Бауыржан ақынның өлеңдерінен өзім көріп, бастан кешкен өмірдің шынайылығын сезіндім. Тым-тым алыстарда қалған бозбала кезіме сапар шектім. Өнердің құдіреті, өлеңнің құдіреті деген сірә осы болар...

«Ай туады, Күн қашады,  
Алдымызда түн тосады.  
Жанушы еді сонда біздің,  
Қараша үйдің білте шамы...»

Терезеден ұрланып Ай,  
Күлімсіреп тұрған ұдай.  
Білте шаммен біз оқыған  
Ғашықтардың сырларын-ай,  
Батырлардың жырларын-ай!»

«Ақындық ана сүті, әке қанымен, туған топырақпен бітеді» дейді білетіндер. Бауыржан Абай ақынның топырағында дүниеге келген. Топырағы киелі жерде дүниеге келген перзенттің текті азамат болуы заңдылық. Бауыржан ақынның жырлары өмірдің өзінен алынған. Боғасыз, байышты жырлар ақынның көргені мен көңілге түйгенін шұрайлы тілмен өлең жолына айналдырған. Ақынның ішкі сезім толғанысы оқырманның жүрегіне от тастап, санасына сілкініс тудырады.

«... Сөз десе өрте түсемін,  
Көсіп-ап өрттен ішемін.  
Қыздырып алып көркімді,  
Сөндірем сөйтіп дертімді...  
Халқыма бердім сертімді,  
Өлеңге бердім еркімді.»  
Кітапта кездесетін осындай шумақтар



ақынның өмірлік ұстанымы мен ақындық қуатының қаншалықты биік хәм терең екенін аңғартып тұрғандай. «Әуелі сөз болған» дейді ғұламалар. «Сөз өнері дертпен тең», – деп бекер айтылмаған. Ақын мен жазушыға сөз өнері қонады. Өз басым ақындық қасиет Тәңірден дарыған деп білемін. Ақын мұраттарын баяндайды. Жәй баяндап қоймайды, содан терең ой түйіп, қараша халыққа тағылым, тәрбие болатындай, ойланатындай, бағыт-бағдар, тағылым алатындай тәпсірлейді. Сондықтан да, Бауыржан ақынның:

«Үнімді тыңда, далам, тыңда ғалам,  
Санаңды сан ойменен шырмап алам.

Ұшырдым сезімімнен қанат байлап,  
Кішкентай жүрегімді жыр бораға», – деп жырлауы әсте де тегін емес.

Бірде осы Бауыржан інім Қарағандыға келді. Жақсы бір отырыс болды. Ақын інім буырқанып жыр оқыды. Жыр оқыған сайын бауырын жазған тұлпардай кеңінен көсілді. Маңдайы бусанып, ерекше шабыттың күйін кешті. Әлі күнге есімнен кетпей жүргені «Әжемнің ұршығы» атты топтама өлеңдері еді. Бұл жыр топтамасында баяндалған көріністер, ақын түйген ойлар тек Бауыржанның басында ғана емес ауылда өскен барша қазақтың басынан өткен, сезінген жағдайлар еді... Өлеңнің өміршең болуы оның шынайылығымен өлшенсе керек. Ұрпақты ұлттық дәстүрге тәрбиелеу үшін ақыл айтудың қажеті жоқ. Оларға ата-баба дәстүрін әсерлі тілмен насихаттау, саналарына сәуле түсіру қажет. «Білте шамның жарығы» жыр кітабын оқыған сайын осыған көзім жетті. Адам бойындағы адал-

туған жердің қасиетіне табынасың. Кітапты оқыған сайын рухыңды дүр сілкіндіретін мұндай жыр жолдары ақынның әрбір өлеңінде атойлап тұрады.

Мен әдебиетші немесе ақын емеспін. Менің мамандығым физика әлеміне қатысты. Сексеннің жетеуіне аяқ бастым. Менің және менен кейінгі алпысқа келіп қалған буынның басты бақыты біз кітап оқып өскен ұрпақтар болып саналамыз. Өлеңге, әңгімеге, тарихқа деген қызығушылығымыз сонау бала жастан қалыптасқан қасиет. Бәрі де сол білте шамның жарығынан басталып жатыр ғой. Білте шамның жарығымен өскен ұрпақтың жаман болғанын көрмедім. Соның бірі менің Бауыржан інім. Қазір Бауыржанның ақындық қуаты әбден толысқан, кемеліне келген шағы. Естүімше, осы жыр жинағы Мемлекеттік сыйлыққа ұсынылыпты. Қазақ поэзиясына жасындай жарқылдап келген бозбала бүгінде байсал тартқан жігіт ағасына айналды. Кеңдік пен кемегерліктің көкжиегіне көтерілген Бауыржан ақын қандай марапатқа, қандай абыройға болсын әбден лайықты азамат. Кітаптағы «Мен жаққан от» атты өлеңі Бауыржан ініміңіз ақындық болмысының автопортреті іспетті!

«Мен жаққан от сөнбейтін сөз алауы,  
Жанған сайын жан-дүние тазарады,  
Мен көрмеген жерлерде

лаулап жанып,  
Мен бармаған жерлерді кезе алады.

Мен жаққан от Абайдан ұшқын алған,  
Әуезов боп әуелі құшты жалған,  
Мағжан болып санаға сәуле шашып,  
Одан сайын маздаған күшті жанған.

Мен жаққан от Сәкен боп  
серттей жанған,  
Лияс боп арғымақ ерттейді арман.  
Жүсіпбек боп күймесі жалт-жұлт етіп,  
Қасым болып қаулаған өртке  
айналған».

Бір ғажабы Бауыржан ақынның поэзиясында «жарық», «сәуле», «лаулап жанған», «шұғыла», «маздаған от», «нұрын төккен арай», «жарқырау», «шәйдай ашық», «ақ өлең», «әппақ әлем» сияқты сөздер мен тіркестер жиі ұшырасады екен. Бұл дегеніңіз ақынның жүрегінің, жан-дүниесінің тазалығын, мөдділігін көрсетсе керек. Білте шамның жарығынан қуат алған балапан үміт алып күннің жарығымен мейірленді. Зенгір көкте еркін самғап, әппақ әлемнің ақ зер шуағына бөленген жыр ақсұңқарына айналды. Әманда мәртебен биік болсын ақын інім!

**Темірғали КӨКЕТАЙ,**  
физика-математика ғылымдарының докторы, профессор, ХХ ғасырдың көрнекті ғалымы


• ЖАҢА КІТАП

## «Жауырыншы» жарыққа

### ШЫҚТЫ

Белгілі жазушы, «Qasym» республикалық әдеби-қоғамдық журналының бас редакторы Серік Сағынтайдың «Жауырыншы» деп аталатын өлеңдер жинағы баспадан шықты. Таралымы – 1000 дана.

Ерік НАРЫН,  
«Ortalyq Qazaqstan»



Серік Сағынтай поэзиядан бөлек прозада да қанат жайған қарымды қаламгер ретінде қазақ оқырманына таныс. Оның «Қарға» атты әңгімелер жинағы қазіргі қазақ прозасында лайықты бағасын алған.

Поэзия байтағында өзін мойындатқан ақынның «Фәни-құс», «Құс қайтару» деген өлең кітаптары бар. Енді, міне, биыл «Жауырыншы» кітабы Астанадағы «Кәусәр» баспасының жарыққа шығып отыр. Бұл кітапқа автордың кейінгі жылдары жазған жана өлеңдері енген. Редакторы – Қуат Құрмансейіт.

Серік Сағынтайдың поэзиясынан қазақтың өз болмысынан тамыр тартқан қара өлеңнің асқақ үні естіледі. Өлеңдері туған жерге деген махаббатына, сағынышына орнатқан биік тұғырды. Адамдықты, адамдық биіктен түсірмейтін ізгілікті жырына арқау етеді.

• ТАҒЫМ

## Ел Анасы

**Қайран АНА! Жүрегіңде жылдар бойы сақтаған сырын еліміз тәуелсіздік алған еркін уақытта ғана ақтарған еді. Жолдасына, балаларына өткен күндердің ызғары тимесін дегені ме екен?! Бір жыл бұрын 87 жасында жүрегінің соғуы тоқтағанымен, балаларының мәңгілік сағынышына айналды. Ол – батыр ана – ел анасы, ұлағатты ұстаз Майкен Махметқызы Секербаева болатын.**

Бәрін басынан бастасам, Майкен апайымың шын аты-жөні Ғалия Махметқызы Жанасева екен. Азан шақырып қойған атынан айрылған жас сәбидің өзіндік құпия-қыры да осында жатса керек.

1927 жылы қараша айында өткен Қазақстанның V партия конференциясы байларды тәркілеу туралы мәселені талқылап, ірі байлардың малы мен құрал-саймандарын тегіс тартып алуға жол ашты. Сол жылы желтоқсан айында ірі байларды тәркілеу (конфискация) туралы заңның жобасы дайындалып, ол заң Орталық Атқару комитетінде бекітілген болатын.

Осы конфискацияға Қарқаралының Бесобасында малын бағып, тыныш жатқан Құрманбай байдың ұрпақтары да ұшырады. Малдарын тартып алғанмен қоймай, өздерін итжеккенге айдады. Осы Құрманбай байдан тараған Махмет Жанайұлы да Ресейдің сібіріндегі Кемер облысының бір шалғайында әйелі Күлімжан Шоқайқызымен бірге азапты күндерді басынан өткізді. Айдаудағы адамдар – тегін жұмыс күші емес пе? Орманда ағаш кесуге, көмір шахтасына мәжбүрлі түрде жұмысқа салды. Сол уақыттарда Махмет пен Күлімжанның бір қызы бар еді, 5-6 жас шамасында, есімі – Бикен болатын. Осы Кемерде жүргенде 1936 жылы Бикеннің соңынан Майкен (шын есімі Ғалия) дүниеге келеді. Ауырталық пен жат жұртта жүрген жандарда не күш, не жақсы қоныс болды дейсіз?! Майкенге екі ай толғанда анасы Күлімжан қайтыс болады. Бикен болса небәрі 5-6 жаста ғана. Жазасын өтеп жүрген, емшекте баласы бар бір орыс әйелі Майкенді де емізеді.

Тірі адам тірлігін жасайды. Қайғылы жағдайды көрген басшылық Махметті еліне қайтару туралы шешім қабылдайды. Әлгі орыс әйелі Махметке: «Ғалияны маған қалдыр, емшектегі баланы еліңе жеткізе алмайсың. Кейін мені тауып, қызыңды алып кетерсің», – деген екен. Баласын қимаған әке оған қонбей: «Не болса да, басқа салғанды балаларымын

бірге көремін, өзіммен бірге болсын», – деп, жетім екі қызды алып, жолға шығады.

Сонан қайтар жолда жаяу-жалпылап, қолында құндақтаулы бала, жетекте үлкен қызы Бикен бар, кейде жазық дала, бірде орман ішімен жүріп отырады.

Бір үміт аяғын алға бастырса, бір үрей қадамын кейін тартқылап, құлшынақтарына деген аяныш сезімі мен алғы қызы жетелеген семсер-сенім қорқыныш пен үрейді жеңуге тырысады. Жат жердің қорқау түні, тылсым орман-тоғайы көзге нешетүрліні елестетіп, жүрісі өнбей, адасқан кездері де болған. Қасқырдың үні мен қобыздың мұнындай қайғы-шер жан-жүрегін тілгілесе де, Махмет қос құлынның қолынан тастамаған. Туған жердің киесі мен текті ата-бабалардың рухы жар болып, жолай кездескен деревня тұрғындарының берген тамағы мен киім-кешектің септігі тиіп, бір жарым ай мұғдарында Түркісіб теміржолына жетеді. Жол азабынан жадап-жүдеген үш мұңлық әрі қарай жүк вагонына мініп, қинала-қинала Қарағанды қаласына келеді. Сол уақытта өз күнін әзер көріп жүрген қарапайым халықтың мейірін әкесі қыздарына аңыздай қылып айтқан екен. Деревнялардағы орыс әйелдер қыздарды жуындырып, сәбидің жаялығын кептіріп, әкесіне жолжық жинап беріп, жол сілтеп жібереді екен.

Тағдыр талайымен Махмет Жанайұлы екі баланы Бесобада қалған туыскандарына алып барады да, өзі Қарағандыдағы «Октябрь көмір» тресінің №31-бис шахтасына келіп, жазасын әрі қарай өтейді. Баяғы кеп, тек қана елде жүр деген аты ғана болмаса, күндіз-түні ауыр жұмысқа салынады. Күн көзін көрмей, еңбек етеді.

Кейін екінші рет үйленіп, есі кіріп қалған қызы Бикенді қолына алады. Ғалия болса, Бесобадағы ағайынның қолында қалады. Ол кезде халықты құжаттандыру ісі дұрыс жолға қойылмағандықтан, Ғалия аты өзгертіліп, өзі тәрбиеленіп жатқан ағайынның фамилиясымен Секербаева Майкен атанады. Айтба-

дық, ізгілік, мейірім сияқты қасиеттері мен отанды сүйу, туған жерді қадірлеу ұғымдары Бауыржанның жырларында тұнып тұр.

«Айдан тамған алтын сәуле аптаған,  
Күннен жеткен күміс сәуле баптаған.  
Қазақ жері сенің ғажап иесіңді,  
Ғасырлардан ғасырларға сақтаған.  
Найзағайдай отың сенің қарыған,  
Ақ нөсердің мөдділігің дарыған.  
Шалғай жүріп, туған жерді аңсаған,  
Алдыменен жусан иісін сағынам...»  
Осы бір шумақтардың өзінде қаншама сыр, толағайдай толғаныс жатыр. Бұл ақ қағазға түскен қаріптер емес, ақын жан-дүниесінің аңсар-мұраты, ақер әлемі. Елді, жерді сағынасың... Сағынып тұрып



ла, Жұмаш, Нұрғазы есімді бауырларымен бір ұяда өседі.

Махмет Қарағандының бұрынғы орталығы Ескі қалада тұрады. Өгей шеше үлкен қызы Бикенді жастайынан базарға жұмысқа салып, сауда-саттықпен күнелтеді. Жылдар өтіп, тұрмыстары ептеп түзеле бастағанда, әкесі Майкенді де қолына алады. Өпкесі Бикен: «Майкен, мен оқи алмадым, мүмкіншілік болмады. Артыман ерген бауырым, тым болмаса, сен білім ал, оқы», – деп, жиган-терген ақшасын беріп, Майкенді Саран қаласындағы оқу орнына шығарып салады. Ананың ыстық қаршағы мен мейір-шуағын көрмей өскен қаршадай жетім қыз алыс қалада жан-жақтан келген арманшыл жастармен тез араласып кетеді. Көрген көп қиындықтарын, арқаға түскен ауырталықтарын жеңу үшін жігерін қайрап, сенімін сайлап білімнің көкжиегіне ұмтылады. Бір құдіретпен құйылған бұла күш, қарымды қабілет оқуға зейінін арттырады. Өмірде өзі көрмеген ауялы анасына деген саби шақтан келе жатқан сағыныш, осы күнге аман-есен жеткізген әкеге ырзалығы, соңғы тынына дейін қалтасына салып беріп, оқуды аманаттаған бауырмал әкеңің тілегін орындау – жатса-тұрса есінен бір шықпады.

1951-1954 жылдар аралығында осы Абай атындағы Саран педагогикалық училищесінде оқыған зерделі қыз Майкен, «білген-тоқығанды жалғастырамын» деп, Қарағандыдағы екі жылдық Мұғалімдер институтында білім алады. Арнайы жолдамамен еңбек жаса маман Майкен Махметқызының қалған жылы 1957 жылы Шет ауданы Тұмсық мектебінде басталды. Кейін Шолақ

Еспе, Октябрь бастауыш мектебі, Ленин атындағы мектеп, Айғыржал мектебінде еселі еңбек етті.

Жолдасы осы Айғыржал ауылының азаматы Төлеуғалы Жұмаділұлы – қазақ интеллигенциясының алғашқы қарлығаштарының бірі еді. Ташкенттегі Милицияның Басқарушы құрамы мектебінде оқып, біраз уақыт Қарағанды қаласы, Осакаровка ауданында Ішкі істер саласында қызмет етті. Тату-тәтті гүмбір кешкен ерлі-зайыптылар он бала өсіріп, олардың жоғары білім алуына ықпал етті.

Сондай адами асыл қасиеттерімен қатар бар саналы гүмбірмен оқу-ағарту саласына арнап, толқын-толқын шәкірттер тәрбиеледі. Осы ізгілікті жолда майталман ұстаз Майкен Махметқызы Секербаева (Ғалия Жанасева) Халық ағарту ісінің үздігі атанды. Оны ауылдастары да өте құрметтеп, сыйлады. Сол кездегі мектеп директоры Өміржан Сағындықұлы ол кісіні «Кішкене Ломоносов» дейтін. Өйткені, бұл атау – екі тілді де бірдей білетін, өте сауатты, жан-жақты білім иесі Майкен Махметқызының бастауыш класқа сабақ бергенімен, қай пәндіге болсын мұғалімді алмастыра беретіндігіне берілген баға еді. Еңбегі бағаланды. Талай жылғы қажырлы еңбегінің арқасында Майкен Махметқызы дербес зейнеткер болып, құрметті демалысқа шықты. Ұрпақтарының және ұзақ жылғы еңбегінің жемісін көрген ауялы Анамыз, бүкіл Айғыржал ауылынан түлеп ұшқан талай түлектің ұлағатты ұстазы былтыр шілде айында тоқсанға таяп өмірден өтті.

Майкен мұғалім! Осы ұлағатты ұғым біздің туып-өскен Айғыржал ауылымыздан түлеп ұшқан талай түлектің жүрегіне жүрген шығар. Халық даналығында: «Ұстазы жақсының – ұстамы жақсы» дейді. Шариғатта: «Жеті жанға білім-ілім үйреткен ұстаз жұмақтың төрінен орын алады» деп айтылады. Қазақтың ұлы ақыны Мағжан: «Алты Алаштың баласы бас қосса – төр мұғалімдікі» деген еді. Осы тәмсілдердің бәрі де біздің кейіпкерімізге арналғандай.

Сөз соңында, Майкен мұғалімнің 1971-1974 жылдар аралығында оқыған шәкірттері атынан бір ауыз лебіз:

– Жатқан жеріңіз жайлы, топырағыңыз торқа болсын! Рухыңыз шат болып, сол биік рухыңызбен бәрімізді желеп-жебеу жүріңіз, Аяулы ана, Ел анасы, ұлағатты ұстаз!!!

Әлімжан ҚҰТЖАНҒАЛИ,  
Е.Бокетов атындағы Қарағанды зерттеу университеті, журналистика кафедрасының аға оқытушысы

# Қоржынтүбек қоқыстан тазарады

Приозерск қаласында «Таза Қазақстан» акциясын науқан емес, қалыпты өмір дағдысына айналдырып, жыл он екі ай бойы осы бағытта жұмыс жүргізу жолға қойылды. Алдағы уақытта қалада тазалық, абаттандыру жұмыстары жаңаша бағытта үйлестіріліп, жүйелене түседі. Бұл туралы қала әкімі аппаратының апталық отырысында қала басшысы Мансұр Ахметов тазалық пен абаттандыру мәселелерін шешудің жаңа жоспарын әзірленгендігін мәлімдеді.

Нұрлос КӨРІМ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

«Таза Қазақстан» акциясын науқан емес, қалыпты өмір дағдысына айналдыру керек. Тазалық талаптарын сақтаған көше тұрғындарын, мекемелерді ынталандыру шараларын әзірлеуді жүктеймін. Қала аумағын санитарлық тазарту және абаттандыру бойынша белсенді жұмыс жүргізіліп жатқандығын көріп отырмын. Күн сайын коммуналдық қатты қалдықтар полигонына

қоқыс шығарылады. Ағаштардың қураған бұтақтары кесіледі. Көшелер мен тротуарлар сыпырылып, көлік жүру бөлігі ылғалдандырылады. Көгалдардағы шөп шабылып, ғимараттар, жол белгілері сырлануда. «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы аясында Приозерск қаласында «Таза бейсенбілік» тұрақты түрде өтіп келеді. Менің қолымдағы мәліметке сүйенсек, іс-шараға 13 ұйым, 151 адам, оның ішінде «Жасыл ел – 2024» еңбек жасағының 32 сарбазы қатысқан екен.

Балқаш көлінің жағажайларында демалғысы келетін туристер ағыны артып келеді. Біз тазалық пен тәртіпті сақтауға, туған өлкенің экологиясын сақтауға жұмыла жұмыс жасауымыз керек, – деді Мансұр Ахметов.

Қала басшысының айтуынша, санитарлық тазалауға және абаттандыруға 5 арнайы мамандандырылған техника тартылған. 10 қоқыс жәшігі мен 2 қоқыс алаңы жөнделген. Қатты тұрмыстық қалдықтар полигонына 52 тонна қоқыс шығарылған. ҚР ӨҚБ-ТК 505-бабына сәйкес 3 ескерту және тәртіпке бағынбағандарға 3 айыппұл салынған. Достық көшесі №7, Пушкин көшесі №5 мекенжайындағы көпқабатты үйлердің қасбеттерін сырлау және жаяу жүргіншілер жолына тас төсеу жұмыстары басталған. Жалпы аумағы 4 190 шаршы метрді құрай-



Таза Қазақстан  
ЖАЛПЫҒЫТТЫҚ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ АКЦИЯ

ды. Сонымен қатар, маусым айында қосымша 50 дана қошetter отырғызылған.

Айта кетейік, Приозерск қаласында көпшілікті тазалыққа, табиғатқа жанашырлық танытуға үндеген шара тек мемлекеттік, бюджеттік сала қызметкерлері тарапынан ғана емес, жергілікті тұрғындардың да қызу қолдауына ие болуда.

ПРИОЗЕРСК

Суретті түсірген автор

## Тазалыққа темірдей талап қажет

Таза Қазақстан  
ЖАЛПЫҒЫТТЫҚ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ АКЦИЯ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасымен республика бойынша бір айлық «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы басталған еді. Әрі әр аптаға өзіндік атау беріп, қоршаған ортаны қоқыстан тазартуға күш салды. Бүгінде сол игі бастама әр өңірде әлі де жалғасуда. Мәселен, Осакаров ауданының тұрғындары да белсенділік танытып, аталған акцияға сүбелі үлес қосуда.

Ербол ЕРБОЛАТ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Осы акция басталғалы аудан және ауданға қарасты ауыл жұрты жаппай сенбілікке шықты. Қоршаған ортаны қоқыстан тазартып, өкпеу жұмыстарын жүргізді. Саябақтарды ретке келтіріп, гүлзарларды тазалады. Енді тұрғындар «Таза бейсенбі» санитарлық акциясын ұйымдастыруды қолға алған. Өткен бейсенбіде 400-ден астам аудан және ауыл тұрғындары мен 170-тен астам «Жасыл ел» еңбек жасағының жасы сенбілікке шықты. Санитарлық сенбілік үшін 18 бірлік арнайы техника жұмылдырылған. Шашылған

қоқыс қалдықтарын жинап, екі контейнерлік алаң ретке келтірілді. Нәтижесінде, қоқыс полигонына 23 тоннадан астам қоқыс шығарылды.

Одан бөлек, «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің 505-бабына сәйкес екі ескерту, екі айыппұл салынды. Аудан тұрғындары мұнымен тоқтап қалмай, әр бейсенбіде санитарлық сенбілікке шығып, аудан тазалығын назардан тыс қалдырмақ емес.

Осакаров ауданы

• ДЕНСАУЛЫҚ

## Жаңа жобаға әзір

Елімізде шілденің басынан дәрілік заттарға цифрлық таңбалау енгізілуде. Фармацевтикалық бизнес өкілдері – дистрибьюторлар мен дәріхана ұйымдары таңбалаудың ақпараттық жүйесін енгізіп, тауарларды қадағалауға дайын. Бүгінде Балқаш аумағына қарасты 33 дәріханада таңбаланған дәрі-дәрмекті қабылдау жұмыстары жүзеге асырылуда. Бұл туралы Қарағанды облыстық денсаулық сақтау басқармасының Балқаш қаласындағы аумақтық өкілеттілік бөлімінің жетекшісі Шолпан Қалыбекова мәлімдеді.

Нұрлос КӨРІМ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

– Біздің қаламыздағы дәріханалар таңбаланған дәрілерді қабылдауға әзір. Жалпы өңірімізге қарасты 33 дәріхананың 25-і Балқаш қаласында орналасқан. Екі мемлекеттік дәріхана бар. Дәріханаларды дәрі-дәрмекпен жабдықтау мәселесі өте өзекті және мұнда ешқандай қауіп-қатерге жол бермеуіміз керек. Мемлекеттік тапсырыс арқылы фармонімдерді жүйелеу – еліміздің фармацевтикалық саласына жаңа инвестицияларды тартуға мүмкіндік береді. Сондай-ақ, елде фармацевтикалық өнімге

баға реттеуді енгізу мәселелері талқыланып жатыр. Жақын арада елде тіркелген барлық дәрілік препараттарға шекті бағалардың бірінші тізілімін енгізу жоспарланып отыр, – дейді Шолпан Қалыбекова.

Мамандар Қазақстанда дәрілік заттарға цифрлық таңбалауды енгізудің негізгі себебі контрафактінің жоғары көрсеткіші мен дәрілік заттарды елге заңсыз әкелу жағдайларының көп болуына байланысты екендігін айтып отыр. Бұл жоба халықтың денсаулығына тікелей қауіп төндірші дәрілерді тасымалдайтын дәрілік заттарды цифрлық таңба-



лау әрбір дәрінің қозғалысын онлайн бақылауға, сұранысты бағалауға және қажетті резервтерді қалыптастыруға мүмкіндік береді. Бұл мұқтаж адамдардың барлығын дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етуге жол ашады.

– Дәріхана «Қадар» жауапкершілігі шектеулі серіктестік 1993 жылдан бері халыққа қызмет көрсетіп келеді. Қазіргі уақытта 11 дәріханасы балқаштықтарды

дәрі-дәрмекпен қамтып отыр. Біздің компания жоба аясында таңбаланған дәрілерді алуға, жаңа жүйеге қошуға дайын. Тіркеу жүйесін жетілдіру бойынша ұсыныстарды да қабылдаймыз, – дейді «Қадар» ЖШС дәріханалар желісінің менеджері Толқын Маратқызы.

БАЛҚАШ

Суретті түсірген автор

• МАРПАТ

## Мәртебелі мамандар мерекесі

Ветеринария қызметкерлері күніне орай Қарқаралы ауданының әкімі Әділжан Арғынов ауданның ветеринария мамандары мен сала ардагерлерін қабылдап, кәсіби мерекелерімен құттықтады.

Болатбек ӘШІМУЛЫ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

– Ауыл шаруашылығын ветеринар мамандарының елестетуі мүмкін емес. «Медицина адамды емдесе, ветеринария адамзатты емдейді» деген тәсілді бәріміз жақсы білеміз. Адамның денсаулығы төрт түліктің түрлі дерттен аман болуымен тікелей байланысты. Сондықтан, азық-түлік пен тағам қауіпсіздігін қамтамасыз етуде сіздердің қызметтеріңіз ерекше, – деді құттықтау лебізінде аудан басшысы.

Жаңа мереке жануарлардың денсаулығы мен жануарлардан алынатын өнімдердің қауіпсізді-

гін қамтамасыз етуге баға жетпес үлес қосатын ветеринар мамандар еңбегінің маңыздылығын атап өтуге арналған.

Соңғы онжылдықта Қазақстан Республикасының ветеринарлық қызметі ветеринария және тамақ өнімдері саласындағы тиімділік пен қауіпсіздікті арттыруға бағытталған елеулі өзгерістерден өтті. 2011 жылы құрылған Ауыл шаруашылығы министрлігінің Ветеринарлық бақылау және қадағалау комитеті осы саладағы қызметті реттейтін және бақылайтын негізгі органға айналды.

Қазақстанның ветеринариялық қызметі АШМ Ветеринариялық бақылау және қадағалау



комитетінен, өңірлік және аудандық инспекциялардан, республикалық эпизоотияға қарсы жасақтан, республикалық ветеринариялық зертханадан, Ветеринария жөніндегі ұлттық референттік орталықтан, сондай-ақ, облыстық ветеринария басқармаларынан, ветеринариялық станциялар мен пункттерден құралады. Еліміздің барлық өңірлерінде Комитеттің аумақтық инспекциялары, аудан-

дық ветстанциялары мен ауылдық ветпункттерді жұмыс істейді. Бұл ауылдық округтерден бастап, барлық деңгейде бақылау мен қадағалауды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Соның ішінде, Қарқаралы ауданында ветеринария саласы бойынша аудандық ветеринарлық станция, аумақтық ветеринарлық инспекция, аудандық ветеринарлық зертхана қызмет жасайды.

Ветеринарлық бақылау және қадағалау қызметінің негізгі міндеттері – жануарларды аурудан қорғау, халықтың денсаулығын сақтау, ветеринарлық-санитарлық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және қоршаған ортаның ластануын болдырмау. Ветеринарлық препараттар мен жем-шөптің қауіпсіздігі мен сапасын бақылау қызметтің маңызды бағыты болып саналады.

Мереке қарсаңында Ветеринарлық бақылау және қадағалау коми-

теті республика бойынша өзінің аумақтық инспекцияларымен бірлесіп отырып, халықтың ветеринариялық қауіпсіздік туралы білімін арттыруға бағытталған ауқымды шаралар ұйымдастырған болатын.

Ветеринар мамандарды аудан әкімінің орынбасары Б.Токмурзин, аудандық ветеринарлық станцияның басшысы А.Мержакупов және сала ардагері Қ.Әлиев арнайы құттықтап, игі лебіздерін білдірді.

Салтанатты жиында ветеринар мамандардың қоғам өміріндегі орны және ауыл шаруашылығын дамытудағы маңызды қызметтері бағаланып, бірқатары Қарқаралы ауданы әкімінің Құрмет грамотасымен, Алғыс хатымен марапатталды. Аудан өнерпаздары әннен шашу шашты.

Қарқаралы ауданы

Сурет автордан

«2024 жылғы 5 наурыз өсиет қалдырушы Шуваев Владимир Николаевич қайтыс болуына байланысты мұрагерлік іс ашылды. Барлық мүдделі тұлғалар Қарағанды қаласы, Сатыбалдина көшесі, 29 үй, тел.: 87001454540 бойынша нотариус М.Т. Жусипбековаға хабарлассын. №258

ҚАРАҒАНДЫ ҚАЛАСЫ ТҮРҒЫНДАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА!  
«Қарағанды облысының мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау басқармасы» мемлекеттік мекемесінде сағат 9:00-ден 18:30-ға дейін сенім телефоны жұмыс істейді. Сіздер басқарма қызметкерлерінің мемлекеттік қызметшілердің Өлең кодексінің, мемлекеттік қызмет және сыйайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заң талаптарын бұзу фактілері жөніндегі ақпаратты 43-22-43 телефоны бойынша хабарлай аласыздар. д

«Сауағқа Ақрағаб» медиахолдингінің ұжымы белгілі ақын, журналист, әріптесіміз Лияс Мұқайға үлкен әпкесі Күмісжан Дүнгенбайқызы МҰҚАЖАНОВНЫҢ мезгілсіз қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

• БОКС

## Қазақстандық бокс нені күп көреді?

Ұлттық Олимпиада комитетінің президенті Геннадий Головкин Қазақстанды Халықаралық IBA бокс қауымдастығынан шығарып алып, әлемдік World Boxing бірлестігіне кіргізу керектегін мәлімдеді.

Жан АМАНТАЙ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Қазақстандық бокс жанашырының бұлай мәлімдеме жасауының себебі жоқ емес көрінеді. «Біршама жылдан бері Халықаралық IBA бокс қауымдастығының қанатының астындағы қазақстандық бокс жағдайы қалай болар екен?» деген сұрақ көпшілік көкейінде. Алайда, Генаның айтуынша, егер қазақстандық бокс IBA қауымдастығының құра-



мынан шықпаса, бокс Олимпиада ойындарынан алынып тасталуы мүмкін.

– Өз тарапымынан еліміздің бокс федерациясымен кездесіп, үгіттеу жүргізіп жатырмын. Де-

сек те, соңғы шешімді Қазақстан бокс федерациясы өзі шығарады. Бұған дейін мәлімделгендей 2023 жылы Халықаралық IBA бокс қауымдастығы Халықаралық олимпиада комитетінің сынын

көтере алмай, кезекті тексеруден өтпеді. Сондықтан, біздің бокс қауымдастық құрамынан дереу шығуы керек. Ал, World Boxing бірлестігінің болашағы зор. Ондағы сұрыптау-сараптау алқасы да әділеттілікті сүйеді, – деп атап өтті Геннадий Геннадьевич.

Қазір Халықаралық олимпиада комитеті мен IBA бокс қауымдастығы арасында сот отырыстары өтуде. Геннадий Головкиннің ойынша, бұл қазақстандық былғары қолғап шеберлерінің дайындығы мен жекпе-жек өткізулеріне кедергі келтіретін көрінеді. Алдағы уақытта Қазақстан бокс федерациясының шешімі де шығуы керек. Бұл жаңалықты еліміздің түпкір-түпкіріндегі бокс жанашырлары асыға күтуде.



# Арқа төріндегі күй дүбірі

Ұлттық домбыра күніне орайластыра ұйымдастырылған «Ортеке» этнофестивалі қарағандылық көпшіліктің көңілінен шықты. Бір күнде бірнеше іс-шараны қамтыған фестиваль «Материалдық емес мәдени мұра» атты республикалық семинардан басталды. Одан соң Кеншілер мәдениет сарайында баспасөз-конференция өтті. Басқосу барысында «Күйшілер одағы» республикалық қоғамдық бірлестігінің төрағасы, Қазақстан Республикасы Мәдениет саласының үздігі Асқар Кенжеғалиев Күйшілер одағының облыстық филиалын салтанатты түрде ашып, оған күйші Болат Тәкішев төраға болып тағайындалды. Сондай-ақ, Қалкен Қасымов ақсақал «Халық күйшісі» атанып, кеудесіне абыройын асқактатар төсбелгі тағылды.



Суретте бас жүлде иегері Жарқын Бағдар

## Жан АМАНТАЙ, «Ortalyq Qazaqstan»

Ал, фестиваль шымылдығын Ерлан Төлеуай «Сарыарқа» әнімен ашып берді. Байқауда Қытай, Монғолия, Астана, Алматы, Қарағанды қалаларынан, сондай-ақ, Ақмола, Алматы, Қызылорда, Батыс Қазақстан, Солтүстік Қазақстан, Қостанай, Қарағанды, Ұлытау облыстарынан 19 қатысушы бақтарын сынады. Қазақстанның мәдени мұрасын өскелең ұрпақ арасында танымал ету, дарынды қатысушыларды анықтау және қолдау мақсатында өткізілген фестивалде бас жүлдені Қытай Халық Республикасынан келген Жарқын Бағдар иеленді. I орын Қарағанды облысынан Ерлан Сәдуағас бұйырса, II орынды Ақмола облысының күйшісі Айжан Құрақ алды. Үздік үштіктің қатарынан жетісулық Жәнібек Мақатан да көрінді. Сонымен қатар, барлық қатысушыларға кәдесыйлар мен қаржылай сертификаттар берілді. Құрметті қонақтардың қатарынан көрінген Жетісу облысының жас талант, ұлттық жеті аспапта ойнайтын өнерлі 12 жасар Ямина Аманкелдіге де ел атынан тарту жасалды. Бірнеше күнге созылған байқаудағы тағы бір маңызды шара көрме болды. Көрмеде Астана қаласының «Марс» робототехника білім беру орталығының мамандары «Ортекенің» заманауи технологияға сүйене отырып жасалған робот прототипімен таныстырды. Өлгі «робот ортеке» домбыра үніне еріп іске косылады. Бұл көрініске куә болған көрермендер зор қызығушылық танытып, салт жаңғыруына саналы үлес қосып жатқан ұйымдастырушылар мен «Марс» робототехника білім беру орталығына алғыс білдірді.

Қазақстан Республикасының Материалдық емес мәдени мұрасын қорғау жөніндегі ұлттық комитеті төрағасының орынбасары Рустам Музафаров ұйымдастырылған шараның тарихи мән-мағынасына тоқталып сөз сөйледі. «Ортеке» – дәстүрлі екі ішекті домбыра мен тау ешкісінің ағаш мүсіншесін пайдалана отырып, орындалатын қазақтың бірегей өнері. Барабанның бетіне бекітілген ағаш мүсін домбыраның саусақтарына бір немесе бірнеше ішекпен байланысқан. Күйші домбырада ойнағанда, қуыршаққа жан бітіп, домбыраның қоныр немесе күмбірлей тегіліген үнімен қосыла секіріп, барабанда ырғақ шығара билейді. Қазақтың бұл өнері – балалар мен ересектерге ортақ дүние. Жалпы қарағандылық өнерпаздар көне дәстүрді жаңғыртудан қалыс қалмауда. Домбыра күні күнтізбеге енгеннен бері үздіксіз дамуда. Ал, қатысушылар тарихи мұраны қайта жаңғыртып, «Ортекеге» авторлық күйлері арқылы жан



бітірді, – деп атап өтті Рустам Рахымұлы.

Расында, қатысушылар ұсынған күйлер тақырыбы тікелей «Ортекеге» қатысты еді. Бірі төгілте шертіп, тұғырдағы текені бұлаңдата билетсе, енді бірі баяу ырғақпен ағаш мүсін кимылына мазмұн берді.

Ықпал заманнан бері қазақ пен сайын даланың сыры астаып жатыр. Байтақ даланың тау-жазығын барлап, аң-құсынның дыбысы арқылы тілін түсінген қазақтың болашаққа мұрасы мол. Табиғатпен сырлас өскен бабаларымыз жаратылыстың өсіп-өніп, түрленуін, өзгеруін, қимыл-қозғалысын бақылап, оларды ән мен жырға, ертегі мен аңызға арқау етті. Кейбір жағдайларда өзінің құса-мұңын, сағынышы мен зарын, қуанышы мен жұбанышын, табиғатты, жан-жануарларды бейнелеу арқылы өз көңіл-күйін халыққа түрлі ұлттық аспаптар арқасында жеткізіп отырды. Мәселен, «Ақсақ құлан – Жошы хан», «Бозинген», «Ақсақ аю», «Жезкіік», «Аңшының зары» сынды ән-күйлердің астарында жеке тұлғаның һәм тұтас халықтың сырлы тарихы жатқаны аян. Осындай саналы салтқа бай өнердің бірі – «Ортеке» күйі.

– Бүгінде жастар арасында домбыраға көп көңіл бөлінуде. Домбыра күніне орай ұйымдастырылған бұл шараның орны ерекше. Байқаудан ерекше шабыт алдым. Түпкі ата салт пен дәстүрге, ұлттық өнерге деген сый-құрмет сезіледі. Осындай игі байқаудың жеңімпазы атану мен үшін зор мәртебе, – деп атап өтті жарыс жеңімпазы Жарқын Бағдар.

Қазір қазақтың ескісін жаңарту сөнге айналғандай. Ал, адамзаттың материалдық емес мәдени мұрасының өкілдік тізіміне 500-ден астам элемент кіреді екен. Тізімнің мақсаты – мәдени тәжірибелер мен қауымдастықтардың ноу-хауын, яғни, дамуын кеңінен қамту. Осы тұрғыда «Ортеке» этнофестивалінің маңызы артауда.

Сурет ұйымдастырушылардан

# Қолда – үшінші жолдама

Париж Олимпиадасының тағы бір жолдамасын Қарағанды облысынан батуттық гимнастикадан Данил Мұсабаев жеңіп алды деп сүйіншіледік. Күні кеше жүзу спортынан Ксения Игнатова екінші жолдаманы иеленді деп тағы бір қуандық. Енді, міне, облыс қоржынына үшінші жолдама түсті. Бұл жолы жеңіл атлетика бағдарламасындағы кедергілермен жүгіру сайысы бойынша Давид Ефремов төрт жылда бір келетін дүбірлі додаға қатысу мүмкіндігіне ие болды.



## Ербол ЕРБОЛАТ, «Ortalyq Qazaqstan»

Осыдан бірнеше ай бұрын Давид Ефремов Тегеран қаласында (Иран) жеңіл атлетикадан өткен жабық кешендегі Азия чемпионатына қатысып, жеңімпаз атанған еді. Десе де, ол уақытта олимпиада ойындарына жолдама иегерлерінің тізімі жарияланбаған. Кейінірек, спорттың осы түрі бойынша олимпиада рейтингінің әлемдік қорытындысы шығып, үздік нәтиже көрсеткен спортшыларға лицензия берілді. Сол лицензия иегерлерінің тізімінде жерлесіміздің есімі де аталды.

– Иранда өткен бәсекеде Давидке үміт артқан едік. Керемет спортшы. Әрі ел чемпионатының, одан қала берді Азия чемпионатында рекорд жаңартып жүрген тәжірибелі спортшы. Сол чемпионатта Давидтен Олимпиада жол-



дамасын күткен едік. Уақыт өте жолдама иеленгенімізді естіп, қатты қуандық. Енді Олимп шыңын бағындырады деген үміттеміз, – деді жеңіл атлетикадан Қазақстан ұлттық құрамасының бас бапкері Дмитрий Карпов. Жерлестер бүгінде Алматы

облысында өтетін ұлттық құраманың жиынына қатысуда. 29 шілдеде Парижде ұшады.

Сурет облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасының баспасөз қызметінен

## • МҮШӘЙРА

# Баба даңқы қара өлеңмен асқақтап...

Қамбар ата ұрпақтары Қарқаралы ауданының Еңбек ауылында бабаларына арнап ас берді. Ас аясында түрлі іс-шаралар ұйымдастырылды. Әсіресе, бабаның даңқын ақындар жырымен асқақтатты. Ас иелері шайырлар арасында жыр додасын өткізді.

## Ерік НАРЫН, «Ortalyq Qazaqstan»

Мүшәйрада жас шектеуі болған жоқ. Шайырлар үш тақырыпта өлең жазды. Қазақ халқының ұлт-азаттық көтерілістері тарихында ХХ ғасырдағы ұйымдастыру саясатына қарсы ұйымдастырылған Абыралы көтерілісіне, Қамбар руынан шыққан Жанақ ақын, Жапалақ, Сартынбай бастаған отыздан астам батырға өлең арнады. Сонымен қатар, ер-

кін тақырыпта бір өлең ұсынылды. Мүшәйраның қорытындысы бойынша ақын, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі Қайрат Асқар бас жүлдені алды. Оған 500 мың теңге көлеміндегі қаржылай сыйлық табысталды. I орын ақын Саят Тұяқбайдың қанжығасында. I орынның қаламақысы – 300 мың теңге. Ал, II орын ақын Руслан Нұрбайда. Шайырға 200 мың теңге берілді. Мақсат Күземхан мен Қайрат Иманбекке III орын бұйырды. Қос шайырға

100 мың теңгеден үлестірілді. Жанақ ақын атындағы арнайы сыйлық – Балқаштан келген Нұрдос Кәрімнің қоржынында. Сонымен қатар, баба ұрпақтары жас ақындарға тай мінгізді. Ақын, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері Абзал Бөкен мен ақын, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі Ілияс Мұқай мүшәйрада қазылық етті.

Сурет ұйымдастырушылардан



## • САДАҚ АТУ

# Жебесі желмен жарысқан жеңімпаздар

Өскеменде садақ атудан Қазақстан Республикасының чемпионаты өтті. Додала облыс құрамасы бас медальді қанжығалап, командалық есепте 4-ші орынға табын тірді. Чемпионатқа жалпы саны 300-ге жуық спортшы қатысты.

## Ерік НАРЫН, «Ortalyq Qazaqstan»

Екі алтын медальді Амина Асланова жеңіп алды. 14 жастағы спортшы 10 жасынан бері адырна тартып келеді. Ол «Қайрат» спорт мектебінде жаттығады. Алтын иегері «Қалқан» және «Жамбы атуда» 20 метр қашықтықтан нысанаға дәл тигізіп, үздік нәтижеге қол жеткізді. – Мені чемпионатқа жаттықтырушым Кая Мазнева дайындады.

Ол мені бүкіл командам сияқты ынталандырды және қолдады. Маған бұл спорт өте ұнайды. Колыма садақ алғанда рухым көтеріледі. Бұған дейін ел чемпионатына қатысып, үшінші орын мен Гран-при жеңіп алған болатымын. Мен – спорт шеберіне үміткермін. Мақсатым – спорт шебері болу, – деді Амина Асланова. 17 жастағы Армана Нұрланова командаға тағы бір алтын әкелді. Ол да «Қайрат» спорт мектебінде



4 жылдан бері айналысады. Бойжеткеннің спортқа деген сүйіспеншілігін анасы оятқан екен. – Анам ат спортымен айналысады. Ол мен үшін жарқын үлгі. Садақ атуда өзімді сынап көруді мақсат еттім. Мені Надежда Кефер жаттықтырады. Бұл менің ең жарқын жеңістерімнің бірі деп білемін. Нысанаға 25 метрден дәл тигіздім – деді Армана Нұрланова. Айым және Кәусар Байжановалардың қоржынында – екі қола медаль. Спортшылар Ботақара кентінде тұрады. Оларды «Қайрат» спорт мектебінің тәрбиеленушісі Айдархан Әбрахманов жаттықтырады.

– Қарағанды облысындағы біріншілікке қатысу үшін балаларды іріктеу жүргізілді. Қарағанды, Шет, Бұқар жырау және басқа аудандардың жас спортшылары қатысты. 30-дан астам үздік мергендер анықталды. Чемпионатта 10 жасқа дейінгі балалар – 10 метрден, 10 жастан 12 жасқа дейін – 15 метрден, 13 жастан 15 жасқа дейінгілер – 20 метр қашықтықтан және 16 жастан 17 жасқа дейінгілер 25 метрден атты. Үш нысана бойынша бақ сынасты: «Жамбы», «Туто» және «Қалқан». Ең қиыны жамбы ату болды. Нысана жіпке ілініп, желден қозғалып тұрады, – деді облыстың аға жаттықтырушысы Ольга Ковалева.

**ORTALYQ QAZAQSTAN**  
Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газеті

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі  
**МЕНШІК ИЕСІ:** «Saryarqa Aqparat» ЖШС

Директор –  
**Қайрат Жүнісұлы ӘБІЛДА**  
Директордың орынбасары –  
**Оксана Вячеславовна МЯГКИХ**

Бас редактор –  
**Е.К. МУСАБЕК**  
Бас редактордың орынбасары –  
**Қ.А. АЙТЖАН**  
Сайт редакторы –  
**І.Д. МҰҚАЙ**  
Жауапты хатшы –  
**Ж.Қ. ШАЛҚАР**

**Телефондар:**  
Бас редактор: 43-35-37  
Бас редактордың орынбасары: 43-58-08  
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33  
Жауапты хатшы: 43-49-72  
Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;

**Меншікті тілшілер:**  
Ақтоғай, Шет, Балқаш,  
Призерск: 8-702-293-13-70  
Қарқаралы, Нұра, Осакаров: 8-777-073-71-13  
Теміртау, Саран, Шақтық, Абай,  
Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

• Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.  
• Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.  
• Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.  
• Материалдың жариялану ақысы төленген ®

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігіндегі Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылы 15 желтоқсанда № КЗ18ВР00030163 куәлігі берілді.  
Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.  
**Мекенжайымыз:** 100009, Қарағанды қ., Әлімжан Ермеков көшесі, №93 үй.

**Электрондық пошта:** ortalayk.kz@gmail.com; ortalayk.kaz@mail.ru  
Жарнама бөлімі: ortalayk.reklama@mail.ru



Газет жеткізілмесе  
41-26-82, 43-57-88  
телефонына хабарласыңыздар.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ  
Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131,  
БИК KZJBKZXX БИН 000840001412

Таралымы 4 200

№ 76 тапсырыс. Индекс 65484  
Офсеттік басылым. Кәлемі 4 баспа табақ.

Бағасы келісім бойынша  
«Типография Арқ» ЖШС баспаханасында басылды.  
**Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15.**  
Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген.  
Кезекші редактор **Алуанын СОВЕТ**